

Жылу желілері жаңарады



2-бет

Өжет қыздың өнері



6-бет

Өмір секілді өнер де мәңгілік



8-бет

Құрметті мәдениет және өнер қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке – өзінің дарынымен және мамандыққа адалдығымен халқымыздың рухани мұрасын сақтап, насихаттауға деген терең құрметтің белгісі. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында халқымыздың дәстүрлері сақталып, өнер дамиды, бірегей мәдени жобалар жасалады.

Сіздер өз шығармашылықтарыңызбен көрермендеріңізге ұмытылмас жарқын сәттерді сыйлап, ұлттық өнеріміздің көмескіленбей, ұрпақтан-ұрпаққа жете беруіне ықпал етесіздер. Сіздердің шеберліктеріңіз бен қажыр-қайраттарыңыз, өз істеріңізге деген сүйіспеншіліктеріңіз ең жоғары құрметке лайық. Осы орайда өз өмірін мәдениет саласын дамытуға, жас таланттарды тәрбиелеуге және ұлттық құндылықтары сақтауға арнаған сала ардагерлеріне ерекше алғысымызды білдіреміз. Сіздердің база жетпес тәжірибелеріңіз бен еңбектеріңіз мәдениет пен өнерді одан әрі дамытудың берік негізі болып табылады.

Мерекеге орай сіздерге зор денсаулық, шабыт пен сарқылмас қуат, шығармашылық табыс тілейміз!

Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• БҮГІН – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Өнердің Арқадағы ақ сарайы

Шамамен алғанда, кейінгі 5 жылдың мұғдарында ма екен, қазақ театрлары төңірегінде кілең өкінішті әңгіме айтылып кеткен еді. «Бүгінгі жастарға театрға бармайды, көркем өнерге қызықпайды» деген секілді нобайдағы әңгімелер. Әсіресе, алдыңғы толқын кейінгі толқынға «театрға бармайсыңдар» дер кінә артады. Осы әңгіменің барлығы бекер сияқты. Өзімізбен өзіміз қара аспан төңірегінде жүргендейміз. Мәселен, Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрындағы әр премьерға көрермен ретінде де, жаналықтың жарышы журналист ретінде де барамын.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әр премьер анишлагпен өтеді. Билет сатып алуға үлгермей қалған студенттер

театрдың алдында шоғырланып, ішке қарай жауғандық тұрады. Мұғалімі жетектеп әкелген студент солай тұра ма екен?! Залдың шамамен 70-80 пайызы студент жаастар. Олар – біртұтас толқын. Мемлекеттің жаңа буыны. Олар көркем өнерге құштар. Ең бастысы – Сәкен театры жас толқынның сұранысына, құштарлығына, талабына сай жұмыс атқара алып жатыр. Бүгінгі Сәкен театры – қасаң қағи-

далардың шеңберіне сыймайтын, ұдайы ізденіс үстіндегі тірі ағза. Мұндағы әр қойылым – өзіндік бір батал эксперимент. Кезінде тек тренингтік әдіс ретінде бағаланған, кейіннен дербес әрі әйгілі бағытқа айналған заманауи театрлық үрдістер бүгінде Сәкен сахнасында еркін көсіліп жүр. Соның бір жарқын жемісі – «Ромео мен Джульетта» саунд-драмасы. Дыбыс пен сезім, музыка мен пластика ұштасқан бұл қойылымды талғамы биік патша көрермен жоғары бағалады. Әрі театрдың мүлде басқа, беймәлім қырын ашып берді. Өйткені, өнердегі сыншының төресі – көрермен десек, театр ұжымы осы төреліктен мүдірмей өтіп келеді.

Театр тек ішкі ізденіспен шектелмей, халықаралық байланыстарды да нығайтуда. Мәселен, балалар мен жасөспірімдерге арналған «Кішкентай ханзада» қойылымын сахналау үшін Санкт-Петербургтен арнайы қуыршақ театрының режиссері шақыртылды.

Ең қызығы – заман талабы мен жаһандану үдерісіне ілескен өнер ордасының цифрлық технологиядан жатырмайтын. Иә, театр әлі де заманауи цифрлық жарактармен толық жабдықтала қойған жоқ. Алайда, өз шама-шарқының деңгейінде барынша ілгерілеп келеді. Тіпті, соңғы сахналанған «Пай-пай, жас жұбайлар» қойылымындағы әуендер мен музыкалардың басым бөлігі ЖИ көмегімен әзірленгені бірі білсе, бірі білмес. Мұнымен тоқтап қалмай, ұжым әлеуметтік желі мүмкіндіктерін де тиімді пайдалануда. Қазіргі уақытта жасанды зерденің көмегімен театр тарихында өшпес із қалдырған ардагер тұлғаларды, сахна сандактарын цифрлық форматта «тірітіп», көрерменге танымдық дүниелер ұсыну жобасы қолға алынууда.

► 4-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Құндылық жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермаков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

| Санаттар | Баламалы жазылым | «Қазпошта» АҚ Қала (теңге) | «Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге) |
|-------------------------------|-------------------|----------------------------|----------------------------------|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 6 айға 7600 теңге | 6 ай 13 770,14 | 10 141,30 |
| Жеке жазылулар үшін | 6 айға 4000 теңге | 6 ай 6 141,30 | 5 891,30 |

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Қаспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! «Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Қордың қолдауы қомақты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өмірлерде бұқаралық спортты жүйелі түрде дамыту, әсіресе, өскелең ұрпаққа спорттық инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыруды мемлекеттік саясаттың негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі ретінде айқындап берді. Салауатты ұлт қалыптастыру – ел болашағының кепілі екенін ескерсек, бұл бағыттағы ауқымды әрі мақсатты жұмыстардың маңызы зор. Осындай жүйелі қарардың нәтижесінде бүгінде Қарағанды облысы, соның ішінде еліміздің металлургия қаласы – Теміртау заманауи спорттық экожүйенің ірі орталығына айналып отыр. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының тікелей қолдауымен және қаржыландыруымен жүзеге асқан бұл бірегей жоба теміртаулық балалар мен жасөспірімдерге жасалған тамаша тарту болды.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба басталмас бұрын салалық мамандар мен сарапшылар жүргізген арнайы талдау жұмыстарының қорытындысы, шыны керек, көңіл көншітпейтін еді. Мониторинг нәтижесінде қала мектептеріндегі спорт алаңдарының 90 пайызына жуығы әбден ескіріп, тозығы жеткені және заманауи техникалық талаптар мен қауіпсіздік стандарттарына мүлдем сай келмейтіні анықталды. Жеткіліксіз әрі сапасыз жарықтандыру жүйесі, заманауи амортизациялық қауіпсіз жабынның (жасанды көгал немесе резенке төсеніштер) жоқтығы, құрал-жабдықтардың моральдық тұрғыдан ескіруі өрендердің спортпен шұғылдануға деген ынтасын тежеп, жаракат алу қаупін жоғарылатып келді. Осы өзекті әлеуметтік түйткілді түпкілікті шешу мақсатында «Қазақстан халқына» қоры Теміртау қаласында «толық қамту» моделін іске асыруды қолға алды.



► 2-бет

Жылу желілері жаңарады



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ын апаттардың көбеюіне себеп болған. Кейбір жылу желілерінің пайдалануға берілгеніне бірнеше ондаған жыл өткен. Соның салдарынан жылу жоғалту деңгейі жоғарылап, тұрғын үйлерге жеткізілетін жылу көлемі азайған.

Осы мәселелерді түбегейлі шешу үшін Теміртауда 2026-2028 жылдарға арналған ауқымды бағдарлама әзірленген. «Окжетпес-Т» жылумен жабдықтау ұйымымен бірлесіп жасалған бағдарлама аясында алдағы жылдары қаладағы 200 шақырымнан астам жылу желісін жаңарту жоспарланып отыр.

Бағдарлама үш кезең бойынша жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта бірінші кезеңнің жобалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мамандар оны шілде айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отыр. Ал, биылдың өзінде қалада 50 шақырымға жуық жылу желісін жөндеу көзделген. Оның ішінде, 6 және 8-шағын аудандардың ішкі кварталдық желілері де бар.

Қалада тек жылу жүйесі ғана емес, сумен жабдықтау желілері де жаңартылуға. Қазіргі таңда Қарағанды-Теміртау бағытындағы негізгі су құбырының 27 шақырымдық учаскесін қайта жаңарту жұмыстары басталды. Бұл су құбыры өткен ғасырдың 70-жылдарынан бері пайдаланылып келеді. Жылдар бойы тозған құбырлар судың көп ысырап болуына және жаз мезгіліндегі су тапшылығына себеп болған.

Мамандардың айтуынша, реконструкция аяқталғаннан кейін су беру тұрақтылығы артып, апатты жағдайлар айтарлықтай азаяды. Жобаны келесі жылы толық аяқтау жоспарланған.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Теміртау қаласында алдағы жылыту маусымына дайындық жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапары барысында қаланың жылу және сумен жабдықтау нысандарын аралап, коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы жұмыстармен танысты. Биыл Теміртауда жылу желілерін жөндеу мен энергетикалық жабдыктарды жаңарту ісіне ерекше көңіл бөлінуде. Мамандардың айтуынша, басты мақсат – алдағы қыс мезгілінде тұрғындарды тұрақты әрі сапалы жылумен қамтамасыз ету.

Қыстың қақаған аязында кейбір үйлерде жылу жеткіліксіз болып, мәселе бірнеше мәрте облыс деңгейінде көтерілген болатын.

Қазір жағдайды тұрақтандыру үшін кәсіпорында ауқымды жөндеу науқаны жүргізілуде. ҚарГРЭС директоры Жандос Медеуовтің айтуынша, негізгі жабдыктарды кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары қолға алынған.

– №9 қазандық толық жөндеуден өтті, қазір №11 қазандыққа ағымдағы жөндеу жүргізіліп жатыр. Одан кейін №10 қазандыққа күрделі жөндеу бастаймыз. Жаз мезгілінде екі турбинаға ағымдағы және орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу де жоспарланған. Бұл станцияның сенімді жұмысын қамтамасыз етіп, алдағы жылыту маусымында апатты жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді, – деді кәсіпорын басшысы.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев барлық жұмыстар сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс екенін атап өтті. Оның айтуынша, тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығы бірінші орында болуы керек.

– Жүктеме ең жоғары болатын қысқы кезеңде қуат резерві жеткілікті болуы қажет. Сондықтан барлық жөндеу жұмыстары толық

көлемде жүргізілуі тиіс. Әрбір нысан тұрақты бақылауда болады. Басты міндет – станцияны «қызыл аймақтан» шығару, – деді облыс әкімі.

Сапар барысында өңір басшысы Металлургтер даңғылындағы Абай көшесінен Республика даңғылына дейінгі аралықта басталған жылу желілерін қайта жаңарту жұмыстарының барысымен де танысты. Бұл учаске қаладағы ең тозығы жеткен және апат жиі тіркелетін нүктелердің бірі саналады.

Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Ринат Қыдырбековтің айтуынша, жылу желілерін кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары жалғасады.

– Былтыр үшінші шағын аудан бойындағы ұзындығы 1,6 шақырымдық учаскені толық ауыстырдық. Биыл үшінші магистральдағы ең күрделі аумақтардың біріне кірістік. Одан бөлек, екінші шағын аудан бойындағы тағы 1,6 шақырым жылу желісін жаңартуды жоспарладық. Қазір демонтаж жұмыстары басталып кетті. Реконструкцияны бір жарым-екі ай ішінде аяқтау көзделіп отыр, – деді ол.

Мамандардың айтуынша, ескі құбырлардың тозуы жыл сай-

• ҰНТҰМАҚТАСТЫҚ

Серіктестік серпіні

Қарағанды облысына Германия Федералдық үкіметінің қоныс аударушылар мен ұлттық азшылықтар жөніндегі уәкілі Бернд Фабрициус бастаған Германия делегациясы жұмыс сапарымен келді. Бұл сапар Қазақстан мен Германия арасындағы гуманитарлық байланыстарды одан әрі дамытуға және өңірдегі этникалық немістерді қолдау бағытындағы ынтымақтастықты күшейтуге мүмкіндік береді.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сапар аясында делегацияның өңір башылығымен ресми кездесуі жоспарланған. Кездесу барысында екі ел арасындағы гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту, этносаралық келісімді нығайту және Қарағанды облысында тұратын этникалық немістердің мәдени және әлеуметтік бастамаларын қолдау мәселелері талқыланады.

Қарағанды облысы – Қазақстандағы ең ірі өңірдің бірі. Өткен жылы Германиямен арадағы сыртқы сауда айналымы 146 миллион АҚШ долларын құрады. Облыста Германия капиталының қатысуымен 80 бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Солардың ірілерінің бірі – шарлы қрандар өндіретін «Бемер Арматаура» ЖШС. Ал, «Изопласт Орталық Азия» ЖШС жылу оқшауланған құбырлар шығаруға маманданған. Біздің ынтымақтастығымыз көпқырлы әрі тұрақты сипатқа ие. Ол экономика мен инвестициядан бастап, білім беру, ғылым және мәдениет салалары-

на дейінгі кең ауқымды қамтиды. Қарағанды облысында 100-ден астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүруде, – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.

Жұмыс сапарында делегация кафедралдық соборға барды. Сонымен қатар, делегация «Бемер Арматаура» кәсіпорнының жұмысымен танысты. Бұл өндіріс – орны екі ел арасындағы экономикалық әріптестіктің табысты үлгісіне бірі.

– Біз Қазақстанға келудегі барлық мақсатымызға қол жеткіздік. Мұнда отандастарымызбен кездесіп, олардың қандай жағдайда өмір сүріп жатқанын көрдік. Сондай-ақ, мәдениетті сақтауға қалай қолдау көрсете алатынымызды білгіміз келді. Осы сапар барысында көптеген жаңа мәліметтерге қанық болдық. Қай бағытта жұмыс істеу қажет екенін айқындадық, – деді Бернд Фабрициус.

Сапар барысында Қарағанды қаласының немістердің өңірлік қоғамы мүшелерімен кездесу өтті.

Сурет «Достық үйінің»
баспасөз қызметінен

Қордың қолдауы қомақты

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жобаның басты ерекшелігі мен құндылығы – бұл жекелеген немесе таңдаулы нысандарды ғана ішінара жөндеу емес, тұтас бір өндірістік қаланың мектептік спорттық инфрақұрылымын біртұтас әрі кешенді түрде жаңартудың еліміздегі алғашқы бірегей тәжірибесіне айналды.

Қарағанды облысы бойынша «Қазақстан халқына» қоры жалпы құны 24 миллиард 750 миллион теңгені құрайтын 33 ауқымды әлеуметтік жобаны сәтті игеріп, жүзеге асыруда. Осы қомақты қаражаттың елеулі бөлігі, нақты айтқанда 2,5 миллиард теңгесі тікелей Теміртау қаласының балалар спорты инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталды. Инвестициялық құрылымды тарқатып айтсақ, оның 2,4 миллиард теңгесін «Қазақстан халқына» қоры бөлсе, 100 миллион теңгесін стратегиялық серіктес ретінде әрекет еткен «Батыр боламын» қоры қамтамасыз етті. Мұндай жүйелі қаржыландыру мен үйлесімді жұмыстың нәтижесі де көп күттірген жоқ. Небәрі үш айдың ішінде қаланың 30 білім беру мекемесінде халықаралық деңгейдегі заманауи ашық аспан астындағы спорт кешендері бой көтерді. Қысқа мерзім ішінде 30 футбол алаңы, 28 баскетбол-волейбол алаңы, 29 workout жаттығу аймағы, 5 хоккей корты, 30 секіру аймағы мен кедергілер жолағы оқушылар игілігіне берілді.

Жаңадан салынған нысандардың технологиялық сапасы мен қолданылған материалдары әлемдік және халықаралық стандарттардан бірде-бір кем түспейді. Инженерлік шешімдер балалардың қауіпсіздігі мен нысандардың ұзақмерзімді төзімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.



Мысалы, баскетбол алаңдарына орнатылған қалқандар Солтүстік Американың кәсіби лигасы – NBA деңгейіндегі брондалған (соққыға төзімді) шыныдан әзірленген. Ал алаңдардың бетіне түсірілген таңбалар мен бояулар арнайы зауыттық жағдайда 600 градус ыстық температурада күйдіріліп басылған. Бұл инновациялық әдіс спорт алаңдарының сыртқы ауа райының құбылмалылығына (аязға, жауын-шашынға, күн көзіне) төтеп беріп, кем дегенде алдағы он жыл бойы ешқандай күрделі жөндеуді немесе жаңартуды қажет етпей, өскекең ұрпақтың игілігіне сапалы қызмет етуіне кепілдік береді.

Жобаның әлеуметтік маңызы мен ел болашағы үшін стратегиялық рөлі туралы «Қазақстан халқына» қорының Басқарма мү-

Қарағанды облысы бойынша «Қазақстан халқына» қоры жалпы құны 24 миллиард 750 миллион теңгені құрайтын 33 ауқымды әлеуметтік жобаны сәтті игеріп, жүзеге асыруда. Осы қомақты қаражаттың елеулі бөлігі, нақты айтқанда 2,5 миллиард теңгесі тікелей Теміртау қаласының балалар спорты инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталды.

шесі Серікбек Елшібеков өз ойын былай деп сабақтады:

– Біз үшін әрбір баланың, оның әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, спортпен жүйелі айналысуға толыққанды мүмкіндігі болуы – басты міндет әрі парыз. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында бірнеше рет атап өткендей, бұқаралық спорт, әсіресе шағын қалалар

мен ауылдық жерлерде барынша қолжетімді болуға тиіс. Біз Теміртауда орнатқан жабдыктардың сапасы, тіпті, мегаполистердегі кәсіби клубтардың базаларынан кем түспейді. «Батыр боламын» қорымен бірлескен серіктестік аясында біз еліміз көлемінде 200-ден астам мамандандырылған спорт залын салып, іске қостық. Қуаныштысы, сол біз ашқан шағын

залдардан бүгінде халықаралық жарыстарда көк Туымызды желбіретіп жүрген әлем чемпиоңдары шығып жатыр. Теміртауда жаңа алаңда доп теуіп, шынығып жүрген бүгінгі жас жеткіншектерді де жақын арада халықаралық аренаалардан, Олимпиада тұғырларынан көретінімізге сенімдіміз. Мақсатымыз – әрбір баланың тұрғылықты жеріне, ата-анасының табысына қарамастан, ең заманауи алаңдарда тегін жаттығуына жағдай жасау.

Жаңа инфрақұрылымның сапасын іс жүзінде тексеру және жастардың спорттық рухын көтеру мақсатында Теміртау қаласында төрт күнге созылған тартысты әрі тартымды «Қазақстан халқына» қоры кубогы» турнирі ұйымдастырылды. Жарысқа қатысқан барлық мектеп командалары жаңадан пайдалануға берілген мінсіз алаңдарда өз шеберліктері мен тактикалық дайындықтарын ортаға салып, спортқа деген жоғары ынта-жігерлерін танытты. Жанкүйерлердің де қарасы қалың болып, мектеп стадиондары нағыз спорт мерекесіне айналды. Көпкүндік турнир қорытындысында жеңіс тұғырынан көрінген ең үздік ұжымдар анықталды. Мәселен, 6-7 сынып оқушылары арасында №17 мектеп командасы көшбасшылық қасиеттерімен және ұйымшылдығымен ерекшеленіп, алтыннан алқа тақты. Екінші орынды №12 мектептің командасы иеленсе, үздік үштікті №2 мектеп құрамасы түшкілдеді. Ал, 8-10 сынып оқушылары арасындағы жоғары топ бәсекесінде Білім-инновация лицейінің өрендері қарсыластарына еш мүмкіндік қалдырмай, айқын басымдықпен жеңімпаз атанды. Күміс жүлде №17 мектептің жоғары сынып оқушыларына бұйырса, Ә.Бөкейхан атындағы гим-

назия оқушылары қола жүлдені қанағат тұтты. Салтанатты жабылу рәсімінде жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы ақшалай сыйлықтар, соңғы үлгідегі заманауи спорттық киімдер, ыңғайлы сөмкелер мен кәсіби доптар жиынтығы табысталды. Бұл марапаттар мен сый-сияпаттар жас таланттардың спортқа деген сүйіспеншілігін арттырып, алдағы үлкен облыстық және республикалық, халықаралық жарыстарға дайындықты сапалы бастауы болмақ.

Теміртауда сәтті жүзеге асқан бұл игі бастама тек осы металлургтер қаласымен ғана шектеліп қалмайды. Бұған дейін де «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен осындай заманауи спорттық нысандар мен алаңдар Қарағанды, Шахтинск, Саран, Балқаш қалаларындағы ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттар мен балаларды қолдау орталықтарында кезең-кезеңімен салынған болатын. Бүгінгі таңда пайдалануға берілген жаңа алаңдар мен кешендер тек мектеп бағдарламасындағы дәстүрлі дене шынықтыру сабақтарын өткізуден шектелмейді. Олар мектепшілік және аймақтық спорттық секциялардың жұмысын жандандыруға, мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерлерінің бағдарламасын мазмұнды етуге, жергілікті аула клубтарының белсенділігін арттыруға және аймақтағы бұқаралық спортты мүлдем жаңа, сапалы деңгейге көтеруге кең мүмкіндік беріп отыр. Осындай кешенді инвестициялар мен инфрақұрылымдық бетбұрыстар жақын болашақта ел намысын қорғайтын дені сау, рухы асқақ және шымыр ұрпақтың тәрбиеленіп шығуына берік негіз қалайды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қауіпсіз қоғам қажет

Қазақстанда соңғы жылдары «Заң мен тәртіп» қағидаты мемлекеттік реформаның негізгі бағытына айналды. Қоғамдағы қауіпсіздікті арттыру, азаматтардың құқығын қорғау және Заңға бағынатын мәдениет қалыптастыруға негізделген бұл бастама Президент тапсырмасына негізделді. Мемлекет басшысы ел ішінде жоғары құқықтық мәдениет қалыптасып келе жатқанын негізге алып, азаматтық жауапкершілік идеологиясы берік орныға бастағанын атап өткен болатын.

Қарағанды облысында бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Әсіресе, әйелдер қауіпсіздігі, балалар құқығы, интернеттегі алаяқтық, самокат пен жол қозғалысы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, жастар арасындағы құқықбұзушылық мәселелері бақылауға алынды.

Мемлекет қазір тек қылмысты жазалауға емес, оның алдын алуға басымдық беріп отыр. Бұл – «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасының басты мақсаты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әйел құқығы тапталмайды

2024 жылдың 16 маусымы – Қазақстанның әлеуметтік саясатындағы маңызды қадам жасалған күн ретінде есте қалды. Бұл күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» Заңға қол қойды. Сол жылдан Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заңнамалар күшіне енді. Бұрын көп жағдайда әкімшілік жауапкершілікпен шектелетін әрекеттер біртіндеп қылмыстық жауапкершілікке өтті. Бұл өзгеріс қоғамда көп талқыланды. Себебі, ұзақ уақыт бойы отбасындағы зорлық-зомбылық «жеке мәселе» ретінде қабылданып келді. Ал, жаңа заң оның қоғамдық қауіп екенін нақты көрсетті. Отбасылық зорлық-зомбылық жасағаны үшін берілетін жаза едәуір күшейіп, заңға енгізілген түзетулер мен басқа да шаралар нақты нәтиже бере бастады.

Мемлекет басшысы әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғаудың маңызын үнемі атап өтіп, оны мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырады. «Азаматтарымыз еркін жүріп-тұратын қауіпсіз қоғам құруымыз қажет», – деген болатын Мемлекет басшысы. Бұл орайда Қазақстан Орталық Азиядағы зорлық-зомбылыққа қарсы күресте ең тиімді жүйе қалыптастырған ел ретінде ерекшеленді. Отбасылық саясатқа өзгеріс енгізілгеннен кейін, қауіпсіз қоғам құруға ұмтылған мүдде айқын көрінді.

Қарағанды облысында жыл басынан бері ғана дағдарыс орталықтарының сенім телефонына 351-ден астам адам хабарласып, 11 әйел тікелей көмек сұрауға мәжбүр болған. Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, құқық қорғау ұсқамаларын бұзу деректері де аз емес. Соған байланысты дағдарыс орталықтарында да жұмыс көбейді. Осы орайда 2025 жылы Теміртау, Қарағанды, Балқаш қалаларында әйелдерге құқықтық және психологиялық көмек көрсететін орталықтар жұмыс істеді. Әйелдерге арналған сенім желілері де іске қосыла бастады. Бірыңғай сенім телефоны мемлекеттік шұғыл қызметтер тізбесіндегі 101, 102, 103 нөмірлерінің қатарына енгізілді.

Заңдардың қабылдануына қоғамдағы резонанс тудырған оқиғалар да әсер етті. Бұрын көптеген нәзік жандар қысым көрсе де, арыз жазудан қорқатын. Қазіргі таңда полиция қызметкерлерінің өзі арызсыз әрекет етуге құқылы жағдайлар бар.

Полиция департаментіндегілердің сөзінше, 2024 жылы «Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» Заң қабылданып, балаларға қатысты құқықбұзушылық мәселесі де ерекше назарға алынды. Мемлекет басшысы 6,8 млн-дай бала бұл жалпы халықтың үштен біріне жуығы екенін атап өтіп, олардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтың бірі екенін атаған.

Мемлекет бүгінде буллинг, кибербуллинг, көмелетке тол-

елдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» Заң әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілікті қатаңдатып, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу әрекеттерін қылмыстық кодекске ауыстырды. Жаңа заңның негізгі өзгерістері мен жаза түрлері ұрып-соғу (ҚР ҚК 108-1-бап): Бұрын әкімшілік жазаға тартылса, енді \ (80) - \ (200) АЕК-ке дейін айыппұл салу, \ (200) сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту немесе \ (50) тәулікке дейін қамауға алу жазасы қарастырылған. Бір сөзбен ай-



– Азаматтардың белсенділігі мен құқықтық мәселелерге деген қызығушылығы бізді қуантады. Мұндай жәрменкелер полиция мен халық арасындағы сенімді нығайтып, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға нақты ықпал етеді. Президентіміздің құқықтық сананы көтеру туралы тапсырмасына сәйкес, осындай шаралар ел көлемінде жүйелі түрде өткізіліп түіс, – деп атап өтті департаменттің баспасөз қызметінде.

тқанда, ұрып-соғу мен жеңіл дене жарақаты қылмыс деп танылды.

Осының нәтижесінде өткен жылдың басынан елімізде 19 мың тұрмыстық зорлық-зомбылық дерегі ресми арыз жазылмай-ақ анықталған. Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, бұл оқиғалар өңірлердегі жедел топтардың, әлеуметтік желілер, куәгерлердің және сараптама топ мүшелерінің мәліметтері нәти-



жесінде тіркелді. Жедел жұмыстардың нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылық дерегі 20,5%-ға азайып, отбасылық-тұрмыстық қылмыс саны 29%-ға төмендеді.

Жедел топтардың мұрындық болуымен Қарағанды облысында «Қауіпсіз отбасы», «Заң және жасөспірім», «Тұрмыс» секіл-

жет басшысы 6,8 млн-дай бала бұл жалпы халықтың үштен біріне жуығы екенін атап өтіп, олардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтың бірі екенін атаған.

Мемлекет бүгінде буллинг, кибербуллинг, көмелетке тол-

жұмыс жүргізу жоспарланған.

«Тексеру барысында ересектердің де жауапкершілігі қаралды», – дейді департаменттің баспасөз қызметі. Балаларын бақылаусыз қалдырған 25 ата-ана да әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сондай-ақ, көмелетке толмағандарға алкоголь өнімдері мен темекі сатқан төрт кәсіпкер жазаланды. Бір ересек адам жасөспірімді ішімдік ішуге тартқаны үшін жауапқа тартылды.

Биыл облыста жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түнгі рейд жұмыстары күшейді. Полиция түнгі уақытта заңды өкілсіз жүрген жасөспірімдермен жұмыс жүргізіп жатыр.

– Бұл шаралар тек жазалау үшін емес. Негізгі мақсат – баланы қауіптен қорғау. Қазір балалар алаяқтардың, буллингтің немесе қауіпті контенттің құрбаны болады, – дейді департаменттегілер.

Сондықтан, заңға енгізілген өзгерістер ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігін де күшейтті. Жас буынның құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында оқу орындарының әкімшіліктерімен бірлесіп, жыл басынан бері «Заң мен тәртіп» аясында 5000-нан астам құқықтық дәріс пен тәрбиелік әңгіме өткізілді. Сабақтарда оқушылар заң алдындағы өз құқықтары мен міндеттері туралы нақты әрі түсінікті ақпарат алды.

Қарағанды облысының білім басқармасы соңғы екі жылда мектеп психологтарының санын арттырғанын да хабарлады. Сонымен қатар, қазіргі таңда білім ошақтарына құқықтық сауат сабақтары енгізіліп жатыр. Бұл орайда өткен жылы баланы тәрбиелеу міндетін орындамағаны үшін аймақта 948 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылғанын атап өткен жөн. Көмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерсіз көшеде немесе көңіл көтеру орындарында жүруіне жол бергені үшін 3450 ата-анаға қатысты да әкімшілік шаралар қолданылды. Полиция департаменті іс-шара нәтижесіне оң баға беріп, тұрғындардың белсенділігін де атап өтті.

– Азаматтардың белсенділігі мен құқықтық мәселелерге деген қызығушылығы бізді қуантады. Мұндай жәрменкелер полиция мен халық арасындағы сенімді нығайтып, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға нақты ықпал етеді. Президентіміздің құқықтық сананы көтеру туралы тапсырмасына сәйкес, осындай шаралар ел көлемінде жүйелі түрде өткізіліп түіс, – деп атап өтті департаменттің баспасөз қызметі.

Қауіпсіздік тәртіпті талап етеді

Соңғы жылдары Қазақстан қалаларында электросамокат көбейді. Ішкі істер министрлігі баспасөз қызметінің мәліметінше, жыл басынан бері электросамокаттарға қатысты 443 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Қарағанды қаласында да бұл көлік түрі кең таралып, жол апаттарына апарған жағдайлар кездесті. Шағын электр көліктерін, сондай-ақ, электр самокаттарын пайдалану заңмен реттеліп, мемлекет самокат жүргізушілеріне қатысты жаңа талаптар енгізілді. Енді жолдың жүру бөлігіне шығуға шектеу бар. Қорғаныш құралдарын қолдану ұсынылады,



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

сондай-ақ, жылдамдыққа бақылау күшейтілгендіктен жүргізуші куәлігі талап етіледі.

Қарағанды облысында 2024 жылы самокат пен мопед қатысқан бірнеше жол-көлік оқиғасы тіркелді. Әсіресе, көмелетке толмағандардың қатысуымен болған оқиғалар қоғамда алаңдаушылық туғызды.

Күніне 7-15-ке дейін интернет алаяқтық тіркеледі

Департамент ұсынған мағлұматтарды негізге алсақ, кейінгі жылдары облыста онлайн несие рәсімдеу, жалған банк қонраулары, мессенджер арқылы алдау деректері жиілеген. Соған байланысты киберполиция бөлімдері күшейтілді. Бүгінде банкпен бірлескен жүйелер енгізіліп, SIM-карта рәсімдеуге бақылау артты.

ИИМ киберқылмысқа қарсы департаменті 2025 жылы Қарағанды облысында тұрғындарға арналған цифрлық қауіпсіздік сабақтары өткенін атады. Әсіресе, егде адамдар мен жастарға түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

Департамент ұсынған дерекке сүйенсек, өткен жылы Қарағандыда барлығы 579 алаяқтық тіркелсе, оның 348-і – интернет алаяқтық. Оның ішінде, 79-ы – аса ауыр интернет алаяқтық, ал, 269-ы – орташа интернет алаяқтық.

– Қарағанды қаласында 600 мыңға жуық адам тұрса, жеті полиция бөлімі жұмыс істейді. Қарағанды қаласының полиция басқармасында 18 ақпаннан бері киберқылмысқа қарсы күреске бағытталған жылдық жоспарды жүзеге асыруға 15 арнайы маман жұмылдырылған. Заң бұзушылықтардың басым бөлігі интернет алаяқтық болып отыр. Күніне 7-15-ке дейін интернет алаяқтық тіркеледі. Былтыр жергілікті атқарушы органмен және прокуратурамен бірлесіп, осы бағыттағы қылмыстың алдын алу шаралары белсенді жүргізілді. Ішкі істер министрі «2025 жылды қылмыстың алдын алу жылы» деп жариялады. Осыған орай, әр полиция қызметкері заң бұзушылықтың алдын алу және саяқтық туралы тұрғындарға түсіндірде. Дегенмен, тұрғындар интернет алаяқтардың құрығына әлі де түсіп қалауда. Қазір интернет алаяқтықтың кең тараған түрі – инвестиция салу. Яғни, халық өздері байқамай алаяқтардың арбауына түсіп қалып, қаржысын белгісіз шоттарға аударып жіберуде. Қалалық әкімдік және қалалық мәслихатпен бірігіп, заң бұзушылықтың алдын алуға күш салып жатырмыз. Тұрғындарды өте сақ болуға шақырамыз, – деп атап өтті Қарағанды қаласы полиция басқармасының бастығы Шахназар Салин. Басқарма басшысының айтуынша, қазір алаяқтар психологиялық қысым тәсілдерін қолданады.

Құқықтық мәдениет қажет

Қарағанды облысында соңғы жылдары құқықтық мәдениетті көтеруге бағытталған жобалар көбейді. «Заң мен тәртіп» аясында әйелдер құқығын қорғау, балалар қауіпсіздігі, жол мәдениеті, интернет алаяқтықпен күрес, қоғамдық тәртіп – барлығы бір мақсатқа бағытталуда.

Бүгінде кеншілер қаласының көшелерде бейнебақылау камераларының саны артқанын байқап жүрміз. «Сергек» жүйесіне ұқсас бақылау құралдары енгізілді. Бұл ұсақ қылмыстарды азайтуға әсер еткен. Сонымен қатар мектептер, ауалар, сауда орындары да бейнебақылаумен қамтылуда. Құқық қорғау органдары өкілдері қауіпсіз қоғам тек камералармен құрылмайтынына сенімді. Сайып келгенде «Заң мен тәртіп» қағидаты жазадан қорқуды емес, құқықтық мәдениет қалыптастыруды көздейді.

Суреттер облыстық полиция департаментінен



• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Мәдениет – рухани иммунитет

Мәдениет – ұлттың рухани тірегі, архив – тарихи жады, кітап – кемел келешектің кілті. Аймақта мәдениетті дамыту, ұлттық құндылықтарды сақтап, жас ұрпаққа жеткізуде жұмыстар жүйелі. Өңірде 570-ке жуық мәдениет ошағы жұмыс істесе, онда 12 мыңнан астам маман руханиятқа қызмет етеді. Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлымен аймақтың мәдени әлеуеті туралы әңгімелестік.

– Біз кейде мәдениет дегенде, таяз ойлап, тар шеңберді шарлап қалатынымыз рас. Мәдениеттанушылар, әлбетте, руханияттың қызығын қуыса емес пе?

– Жалпы, мәдениет – өте ауқымды ұғым. Қарағанды облысында 570-ке жуық мәдениет ошағы жұмыс істейді. Мәдениеттанушылардың негізгі міндеті – ұлттық рухани құндылықтарды сақтау, тарихи жадымызды жаңғырту және қоғамның мәдени деңгейін көтеру. Архивтерде халқымыздың жазба тарихы сақталса, кітапханалар адамды өзін-өзі жетілдіруге бағыттайды, мұражайлар өткенімізді танытады, театрлар эстетикалық талғам мен адамгершілік құндылықтарды қалыптастырады. Мәдениет деген тек өнші мен концерт емес. Бұл – адамның ішкі жан дүниесін байытатын, ұлттық сананы қалыптастыратын, рухани тәрбиелігін орта. Сондықтан, мәдениеттанушылар – қоғамның рухани иммунитетін қалыптастырушылар.

Адам өмірінде екі маңызды қажеттілік бар: бірінші – күнделікті азық, екіншісі – рухани азық. Қалған дүниенің бәрі екінші орында. Рухани құндылықтар – қоғам үшін аса зор мәнге ие. Ұлттық дәстүр, мәдениет және тарихты терең білу – міндет. Ол үшін мұражайларда тарихи жәдігерлер цифрлық технологиялар арқылы таныстырылуы тиіс. Театр қойылымдары классиктердің цитаталарын кол-

дануы керек. Республикалық іс-шаралар ұлттық мұраны көрсетуі қажет.

Қысқа уақыттық әсер қалдыратын лазерлік немесе дрон шоулардан гөрі кітап оқудың пайдасы орасан. Кітаптың рухани дамуға ықпал ететіні мәлім. «Кітап оқитын ұлт» секілді жобалар ұлттық сананы нығайтуға үлкен үлес қосады.

– Заманауи үрдістер мен ұлттық болмысты қалай үйлестіруге болады?

– Заманауи технологиялар ұлттық болмысқа қарсы емес. Керісінше, оларды ұлттық мәдениетті насихаттауға тиімді пайдалануға болады. Мысалы, жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар – тарихи тұлғаларды виртуалды түрде сөйлетіп, мұражай жәдігерлерін интерактивті форматта көрсетуге мүмкіндік. Бұл жастардың қызығушылығын арттырады. Алайда, технология тек көмекші құрал. Ұлттық болмыстың өзегі – тіл, діл, мәдениет және руханият. Осы құндылықтарды сақтап, жана технологияларды тиімді етсек, ұлттық мәдениет жаңа деңгейге көтеріліп қалса.

– Жастардың өнерге, әдебиетке және тарихи мұраға деген ынтасын күшейту үшін қандай қадамдар қажет?

– Қазіргі жастар өнерге құштар. Десек те, әдебиет пен тарихқа қызығушылықты арттыру үшін заманауи әдістер қажет. Кино, телевидение, әлеуметтік желілер және цифрлық контент



– ең тиімді құралдар. Тарихи фильмдер, деректі жобалар, әдеби байқаулар мен кітап оқу марафондары жастардың дүниетанымын кеңейтеді.

Қарағанды облысында кітап оқуды насихаттауға іргелі жұмыстар атқарылууда. Ондаған мың адам кітап оқуға тартылды. Әр ауыл мен аудан орталығында заманауи кітапханалар мен коворкинг орталықтарын дамыту шарт. Бұл жастардың өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Цифрлық дәуір мәдени мұраны сақтауға жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Архив құжаттарын, сирек кітаптарды және мұражай қорларын цифрландыру – уақыт талабы. Жасанды интеллект арқылы виртуалды көрмелер ұйымдастыруға мүмкіндік бар. Бұл, әсіресе, жастардың қызығушылығына әсер етеді. Дегенмен, қайталап айтамын, технология – негізгі құрал емес, көмекші. Ең бастысы – ұлттық тарихымызды, дәстүрімізді және рухани құн-

дылықтарымызды сақтап, келер ұрпаққа жеткізу.

– Ұлт мәдениетін жаңғыртуда өңірдің әлеуеті қандай?

– Қарағанды облысының мәдени және туристік әлеуеті өте жоғары. Өңірде Қарқаралы, Балқаш сияқты тарихи және табиғи аймақтар, көптеген археологиялық ескерткіштер бар. 6 маусымда Қарқаралыда «Сауықтардың көшпелі мәдениеті» атты этнофестиваль өтеді. 12 маусымда археологиялық мұраға арналған халықаралық симпозиум ұйымдастырылады. Ал, 19-20 маусымда Балқашта «Balkhash Tour Fest» фестивалі жоспарлануда. Бұл жобалардың барлығы туризмді, мәдениетті және ғылымды тоғыстырып, өңірдің ұлттық мәдениетті жаңғыртуға әлеуетін көрсетеді.

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өнердің Арқадағы ақ сарайы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кез келген шығармашылық ұжымның бағыт-бағдары мен көркемдік деңгейі оның режиссерлік ізденісіне тікелей байланысты. Бүгінде Сәкен театрының басты мақсаты – көрерменге қызмет етіп, аймақтың өнер айбынын асыру. Осы үдеден шығып жүрген театр ұжымашылық норманы да мүлтіксіз орындап келеді. Тек жыл басынан бері ғана сахнаға 6 жаңа спектакль шығарылды. Сұранысқа қарай ескі қойылымдардың декорациясы іріктеліп, репертуар ұдайы жаңарып отырады.

– Шын мәнінде, театр – уақытпен бірге тыныстайтын тірі организм. Сондықтан, мұндағы актерлік құрамның жыл сайын жаңарып, толығып отыруы – заңдылық. Адам баласы күн санап өсіп, қалай кемелденсе, өнер ордасы да дәл солай өркендеуі тиіс. Әрине, бұл түбегейлі төңкеріс емес, кезең-кезеңімен жүретін, жана буынды арқау ететін жандану үдерісі. Амандық болса, келесі айдың басына қарай Мұқағали, Мұхтар Шаханов, Ұлықбек секілді ірі ақындарымыздың, сондай-ақ, жергілікті қаламгерлердің өлеңдерін негізге ала отырып, сезім мен махаббат образдарын ашатын үлкен поэтикалық спектакль сахналасам деген ойым бар, – дейді театр режиссері Айдын Салбанов.

Сәкен театрының басты феномені – мұнда тоқсан жылдық терең тарих пен бүгінгі жастықтың, яғни, сабақтастықтың сақталуында. Бүгінде қарашаңырақтың алдыңғы толқын ақсақалдарының жасы тоқсанға таяса, кейінгі толқын – өнер жолын енді бастаған өрендер. «Арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай дөңгелесе, артқысы да соған ілесетіні» секілді, үлкендердің мектебі – жастарға бағыт-бағдар. Кез келген қойылым аяқталып, шымылдық жабылғанда көрермен сахнадағы әртістерге тік тұрып қол соғады. Десе де, сол жарқыраған

бейненің, сәтті шыққан образдардың артында орасан зор ұжымдық еңбек жатқаны хақ. Бүгінде Сәкен театрының шығармашылық әлеуеті өте жоғары. Ұжымда 270 қызметкер жұмыс істесе, соның 150-і – тікелей шығармашылық адамдары. Оның ішіне драма труппасы (екі құрам), қуыршақ театры мен жеке оркестр де кіреді. Ал, қалған қызметкерлер – сахнаның сәнін келтіріп, құдіретін арттыратын қосалқы топ.

Кез келген жанды театрдың «ішкі асханасы» қызықтыратыны анық. Сәкен театрының бұл ретте өзіндік ерекше өрнегі, қалыптасқан мектебі бар. Фигура ішінде арнайы киім тігу (швейный), бутафория цехтары мен үлкен шеберханалар толыққанды жұмыс істеп тұр. Суретшілер, тігіншілер, етікшілер мен бет әрлеушілер (гримерлер) бәрі бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, біртұтас ағза ретінде әрекет етеді. Егер заманауи қойылымдар болса, заман талабына сай киімдер дүкендерден де қарастырылады. Ал, ұлттық нақыштағы, терең тарихи қойылымдардың жүгі ауыр. Мұндай сәтте театрдың киім тігу цехы мен бутафорлары іске кірісіп, доуір тынысын дөп басытын бірегей киімдер мен реквизиттерді өз қолдарымен дайындап шығады.

– Ең бастысы – Сәкен театрының өз соқпағынан жаңылмайтын орнықты, тұрақты көрерменді қалыптасты. Бүгінде кейбір өнер ошақтарының халі көңіл көншіте бермейтін жасырын емес. Осындай тұста халықтың қазіргі ақпарат тасқынынан, теледидар мен әлеуметтік желінің шаршатуынан бір сәт қашып, театр сияқты тірі, мәдени органы асайтыны байқалады. Сахнадағы шынайы оқиға, бір жарым-екі сағат бойы тек сен үшін ғана ішкі жан дүниесін қопарып, еңбек ететін әртістердің шынайылығы адам жанын емдейді. Мұнда келген көрерменнің миы тынығып, жаны жадырады, – деді режиссер.

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Бүгін – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Елімізде бұл күн 2013 жылдан бері аталып келеді. Бұл күн – сахна сыртында да, ел руханиятының алдыңғы шебінде де еңбек етіп жүрген өнер адамдарына, кітапханашыларға, музей, театр, архив, мәдениет үйлері мен шығармашылық ұжымдардың қызметкерлеріне көрсетілетін құрмет күні.

Бүгінде Қазақстанда 7600-ден астам мәдениет ұйымы жұмыс істейді. Оларда 58 мыңнан астам маман еңбек етеді.

Мәдениет мекемелерінің ішінде ең көбі – кітапхана. 1 қаңтардағы дерек бойынша, ел аумағында 3912 қоғамдық кітапхана жұмыс істейді. Бұл – театр, музей, концерттік ұйым секілді өзге мәдениет нысандарынан әлдеқайда көп көрсеткіш. Яғни, мәдениет саласының ең кең тараған желісі әлі де кітапхана болып отыр.

Театр мен музей саны өсіп келеді. Бүгінде 74 театр, 282 музей болса, 2026 жылғы 1 қаңтарда 85 театр, 286 музей тіркелген. Бір жылдың ішінде театрлар саны 11-ге, музейлер саны 4-ке көбейген.

Қарағанды облысында мәдениетті елдімекенге жеткізетін «көшпелі» формат та бар. Өңірдің мемлекеттік мәдениет және архив желісіне 571 ұйым кіреді. Соның ішінде, 257 кітапхана, 246 клуб, 4 театр, 17 музеймен қатар 16 бейнеомбиль де бар. Бұл – шалғай ауылдарға кино, концерт, мәдени іс-шара жеткізуге арналған жылжымалы мәдени қызмет түрі.

Сала саңлақтарына құрмет

Қарағанды Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында сала саңлақтарына төр ұсынылып, лайықты құрмет көрсетілді. «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалы жанындағы «Miras» аймақтық кеңесінің ұйымдастыруымен өткен салтанатты шара руханият саласының өкілдерін бір арнаға тоғыстырды. Атап айтсақ, салтанатты шараға мәдениет және өнер қайраткерлері, кітапханашылар, музей қызметкерлері, ардагерлер, жас таланттар мен шығармашылық ұжымдар қатысты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл кеш – ұлттық руханиятты сақтап, мәдени мұраны ұрпаққа жеткізіп жүрген жандардың еңбегіне көрсетілген шынайы құрметтің белгісі. Өйткені, мәдениет – халықтың тарихи жады, рухани өзегі, елді ұлт ретінде ұйыстыратын құндылықтардың алтын арқауы.

Кеш шымылдығы Тәттімбет атындағы өнер колледжі студенттерінің орындауындағы әйгілі «Сылқылдақ» биімен түрілді. Салтанатты жиынды ашқан «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков мәдениет саласы қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, Мемлекет басшысының мәдениет пен руханиятты дамытуға ерекше назар аударып отырғанын атап өтті.

– Мәдениет – ұлттың жаны. Ұлттың болмысы мен келешегі оның рухани деңгейімен өлшенеді. Президент тапсырмасына сәйкес, елімізде мәдени бағыттағы көптеген бастама жүзеге асырылууда. Жаңа мәдениет ошақтары салынып, бірқатары күрделі жөндеуден өтті. Соның алтауы Қарағанды облысында жүзеге асты. Бұл – аймақ мәдениетіне көрсетілген үлкен қолдау. Бұл салада еңбек етіп жүрген азаматтар қоғамның рухани дамуына, ұлттық құндылықтарды



сақтауға және жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен үлес қосып келеді. Партия алдағы уақытта да мәдениет қызметкерлерін жан-жақты қолдауды жалғастырады, – деді Бекзат Қомарұлы.

Шара барысында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлына партияның Алғыс хаты табысталды. Бекзат Алтынбеков өңірдегі мәдени саясатты дамытуға қосқан үлесі үшін басқарма басшысына ризашылығын білдірді.

Кеш аясында Арқа мәдениетінің жанашыры, қоғам қайраткері Рымбала Омарбековаға да ерекше құрмет көрсетілді. Өнер мен руханият саласындағы ұзақ жылғы еңбегі үшін оған гүл шоқтары табысталып, ақжарма лебіздер айтылды.

– Рымбала Кеңебалақызы – мәдениет саласының бірнеше буынын тәрбиелеткен тұлға. Ол кісінің еңбегі – тұтас өңір руханиятының шежіресі, – деді Бекзат Алтынбеков. Салтанатты кеште мәдениет қайраткері, өлкетанушы, ұстаз Тұңғышбай Мұқанұлы 80 жас мерейтойына орай құрмет көрсетілді.



Ел ішінде «Дала академигі» атанған Тұңғышбай Өміртайұлының саналы ғұмыры өңірдің рухани тарихымен тығыз байланысты. Мерейтой иесіне Алғыс хат пен естелік сыйлық табысталып, ығына шапан жабылды.

– Тұңғышбай Өміртайұлы – халық театрларын ұйымдастыруға, ұлттық өнерді насихаттауға, өлке тарихын зерттеуге өлшеусіз үлес қосқан тұлға. Оның еңбектері мен деректі фильмдері – ұлт руханиятының құнды мұрасы. Мұндай

азаматтардың өнегелі өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі болуы тиіс, – деді партия филиалының төрағасы.

Өз сөзінде Ғалымжан Өтелбайұлы өңірдегі мәдениет саласында атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды. Оның айтуынша, соңғы жылдары мәдени инфрақұрылымды жаңғыртуға айрықша көңіл бөлініп келеді. Айтуынша, мәдениет қызметкерлеріне қосымша төленетін өтемақы кеншілер өлкесінде ғана бар. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрі арнайы атап өтіп, өзге өңірлерге үлгі болатын іс екенін айтқан.

– Жақында ғана облыстық тарихи-өлкетану музейі күрделі жөндеуден кейін қайта ашылды. Бір айдың ішінде музейге бытырғы бір жылдағы келушілер санына жуық адам келді. Бұл халықтың тарих пен мәдениетке деген қызығушылығының арқанын көрсетеді, – деді басқарма басшысы.

Сондай-ақ ол, Президент бас-тамасымен жүзеге асып жатқан



жалғасады, – деді Ғалымжан Өтелбайұлы.

Кеш барысында мәдениет саласының үздіктеріне «AMANAT» партиясының Алғыс хаты мен естелік сыйлығы табысталды. Олардың қатарында Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің директоры Талғат Ыдырысов, белгілі әнші, №2 балалар музыкалық мектебінің эстрадалық вокал пәнінің мұғалімі Марат Бекішев, Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің директоры Бауыржан Ермұхамбетов, жергілікті композитор Жасұлан Жақенов және мәдениет үйлерінің жетекшілері, кітапханашылар, музей қызметкерлері мен өнер ұжымдарының мамандары бар.

Бұл – аймақ мәдениетінің дамуына үлес қосып жүрген түрлі буын өкілдерінің еңбегі ескерусіз қалмайтынын көрсеткен маңызды сәт болды. Әсіресе, ауылдық мәдениет ошақтарында еңбек етіп жүрген мамандарға көрсетілген құрмет көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Марапаттау рәсімі концерттік бағдарламамен үйлесім тауып, кештің көркін аша түсті.

Шара аясында «AMANAT» партиясының қатарына жана мүшелер қабылданып, оларға партиялық билеттер табысталды. Партия ардагері Рымбала Омарбекова жаңа мүшелерге сәттілік тілеп, ел мүддесі жолындағы қызметтеріне табыс тіледі.

– Партия қатарына өту – үлкен жауапкершілік. Бұл – қоғамға қызмет етуге дайын азаматтың таңдауы. Сіздерге халық игілігі жолындағы еңбектеріңізге табыс тілеймін, – деді ол.

Әсем ән мен ұлттық өнер тоғысқан бұл кеш мәдениетке деген құрметтің жарқын көрінісіне айналды. Қарағандыдағы тағлымды шара мәдениет қызметкерлерінің қоғамдағы орны айрықша екенін тағы бір мәрте айқындап берді.

Суреттер «AMANAT» партиясы облыстық филиалының баспасөз қызметінен



Арбауға түспеудің амалы бар

Өңірде интернет-алаяқтықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық акция аясында Қарағанды қаласы полиция басқармасының бастамасымен тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Акция «City Mall», «Абзал», «Таир» сауда үйлерінде, сондай-ақ, саябақтар мен адам көп шоғырланатын қоғамдық орындарда ұйымдастырылды. Акцияға мыңнан астам полиция қызметкері, әкімдік өкілдері, қоғам белсенділері, блогерлер мен еріктілер қатысты.

Тұрғындарға қазіргі кезде жиі кездесетін интернет-алаяқтық тәсілдері түсіндірілді. Мамандар азаматтарға күмәнді қоңырауларға сенбеу, онлайн несие рәсімдемеу, фишингтік сілтемелерге өтпеу, жалған интернет-дүкендер арқылы тапсырыс бермеу және банк карталары мен жеке деректерін бөгде адамдарға ұсынбауды ескертті. Сонымен қатар, патрульдік полиция қызметкерлері жүргізушілерге арнайы ескерту жадынамаларын таратты.

Қазіргі таңда алаяқтар азаматтарды алдаудың түрлі тәсілдерін қолданады. Сондықтан, тұрғындардың қырағылығы аса маңызды. Жыл басынан бері қаламызда интернет-алаяқтыққа қатысты 300-ден астам дерек тіркелген. Киберқылмысқа қарсы күресте жедел-іздестіру күшейтіліп отыр. Мәселен, криминалдық полиция қызметкерлері пәтер жалдау туралы хабарламалар жарияланатын танымал платформа арқылы тұрғындарды алдаған 26 жастағы күдіктіні ұстады. Тергеу барысында оның бірнеше эпизодқа қатысы бары анықталған. Қазіргі уақытта тергеу амалдары жалғасуда, – деді Қарағанды қаласы полиция басқармасының бастығы Шахназар Салин.

Алаяқтық қоңырауларды анықтау және бұғаттау бағытында арнайы call-орталық тәулік бойы жұмыс істейді. Полиция мәліметінше, жүйе күн сайын шамамен 3 мың күмәнді қоңырауды тіркейді. Оның ішінде, орта есеппен 2800 қоңырау алаяқтық әрекет ретінде танылып, жедел түрде бұғатталады.

Өз тілшімізден

Есірткі таратушы ұсталды

Қарағанды қаласында полиция қызметкерлері психотроптық заттарды таратумен айналысты деген күдікпен 43 жастағы жергілікті тұрғынды ұстады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Арнайы операцияны Қарағанды қалалық полиция басқармасының есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімінің қызметкерлері жүргізген. Күдікті қала аумағында «жасырын қойма» орналастырып жатқан сәтте қолға түскен.

Тексеру барысында ер адамның психотроптық заттардың есерінде болғаны анықталды. Тінту кезінде одан ақ түсті ұнтақ салынған 20 орма тәркіленді. Сараптама қорытындысы бойынша, тәркіленген заттың жалпы салмағы 20 грамнан асатын «А-РVP» психотроптық заты екені белгілі болды. Тергеу барысында күдіктінің планшетінен әлеуметтік желі арқылы белгісіз куратормен жазысқан хаттары табылған. Полиция қызметкерлерінің болжамына, аталған тұлға оның заңсыз әрекеттерін үйлестіріп отырған.

Сондай-ақ, күдіктінің бұған дейін де осыған ұқсас қылмыс үшін сотталғаны анықталды.

Қазіргі уақытта күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды. Аталған факті бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

Зауалға жетелеген дропперлік



Колледж залында орнаған сілтідей тынған тыныштық жайдан-жай емес. Залдың іші суық, ауасы ауыр. Сахнадағы үлкен экраннан заңның қатал да әділ үні ызғар шашады. Төрелік етуші судьяның сабырлы, бірақ суық дауысы айыпталушының анкеттік деректерін оқып жатыр. Бұл – кино түсірілімі немесе театрландырылған қойылым емес. Бұл – Instagram-дағы жылтырауық жарнамаға алданып, банк картасын өзгеге бере салған ересек азаматтың дәл қазір, дәл осы сәтте сотталып жатқан шынайы қасіреті, өкініштен өртенген өмірі еді.

«Онай ақша» тұзағы

Қарағанды облысы прокуратурасының ұйытқы болуымен, «Заң мен тәртіп» жобасы аясында Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің қабырғасында өткен бұл қылмыстық істің ашық, көрнекі сот процесі залдағы 200-ден астам студенттің төбесінен жай түскендей әсер қалдырды. Аймақтың өзге білім ордаларының шәкірттері де бұл ғибратты сәтті тікелей эфирде үрей мен қызығушылық араласқан сезіммен, демін ішіне тарта тамашалады.

Таразы басына түскен мәселе – бүгінгі қоғамды іштен шалып жатқан қатерлі дерт, жастарды зауалға жетелеген дропперлік еді. Студенттер айыпталушының «оңай ақша» үшін қалай қас-қағым сәтте қылмыскерге айналғанын және заңның құрығы оған қалай лезде жеткенін өз көздерімен көрді.

Сот отырысы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің барлық нормаларын қатаң сақтай отырып, шынайы тәртіпте өтті. Бұл – құрғақ баяндама емес, айыптаушы тарап пен қорғаушы жақтың уәждері бетпе-бет келген, мемлекеттік прокурор мен судьяның қатысуымен жүргізілген нақты құқықтық процесс.

Сотталушыға мемлекет атынан өте ауыр қылмыстық айып тағылды. Нақтырақ айтсақ, оның әрекеті интернет-алаяқтардың қылмыстық схемасына тікелей жәрдемдесу ретінде бағаланды. Ол заңсыз жолмен келген қаржылық ағындарды легализациялауға, яғни, жылыстауға көмектескен. Бүгінде мұндай заңсыз әрекеттер үшін заң аясында ешқандай жеңілдік қарастырылмаған.

Құлқынның құны – 8 пайыз

Қылмыстық істің ақ қағазға жазылған суық жолдарына үңілсек, 1992 жылы туған Қарағанды тұрғыны, азамат Л. тұрақты жұмысының жоқтығынан материалдық тығырыққа тіреледі. Өкінішке қарай, ол тығырықтан шығар жолды маңдай тер ақысымен келетін адал еңбекпен емес, виртуалды әлемнің қалтарыстарынан іздеген. Instagram әлеуметтік желісіндегі «онлайн-табыс» туралы тартымды, жалтырақ жарнама оның көзін арбайды. Сілтеме арқылы WhatsApp мессенджеріне өткен оған бейтаныс жандар психологиялық айла-тәсілдерді қолдана отырып, «тиімді» схема ұсынады.

Шарт қарапайым әрі жеңіл көрінген еді: айыпталушы өзінің банк картасы мен жеке деректерін үшінші тұлғаларға, яғни заңсыз қаржылық операциялар үшін беруі тиіс болатын. Шотқа белгісіз адамдардан ақша түседі, алайда, ол бұл қаражатты басқа реквизиттерге аударып отырады. Осы «техникалық» қызметі үшін оған әр соманың 8 пайызын өзіне қалдыру уәде етіледі.

Көзді шөл басқан сәтте нәпсі мен құқықтық сауатсыздық жеңіп, ол бірнеше күн ішінде миллиондаған заңсыз ақша ағынын өткізетін дропперге, яғни, қылмыстық шот иесіне айналды. Олардың шотына түскен ақша – қарапайым азаматтардан, зейнеткерлер мен аңғал жандардан алаяқтық жолмен ұрланған халықтың соңғы тыын-тебені, көз жасы еді.

«Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында бізде осындай ашық сот процестерін өткізу тәжірибесі жүзеге асырылуда. Бұл адамдардың сот процесінің іс жүзінде қалай өтетінін көру үшін ұйымдастырылады. Сондай-ақ, олар жаза мөлшерін, бап санкцияларын және қандай жауапкершілік көзделгенін білу үшін өткізіледі. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, яғни, профилактика мақсатында жүргізілуде.

дан алаяқтық жолмен ұрланған халықтың соңғы тыын-тебені, көз жасы еді.

Сауатсыздық жауапкершіліктен құтқармайды

Сот залында айыпталушы өзінің бұл әрекеттің соңы қылмысқа соқтыратынын мүлдем бағамдамағанын айтты. Ол банк картасын ақшалай сыйақы үшін өзгеге беруге болмайтынын шынымен білмегенін алға тартып, істеген ісіне өкініп, кінәсін толық мойындады. Алайда, сот залында тағы бір мәрте жаңғырған ең басты қағида өзгеріссіз қалды: заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды.

Қазыбек би атындағы аудан прокуратурасының бөлім прокуроры Фарид Сәдуақас мұндай ашық соттардың қоғам үшін мәні зор екенін айтады.

– «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында бізде осындай ашық сот процестерін



Киберқылмыскерлердің басты нысаны – заңдық әрі қаржылық сауаты әлі толық қалыптасып үлгермеген жастар. Халықаралық сарапшылар бұл тәсілді «әлеуметтік инженерия» деп атайды, яғни, сенімге кіру және психологиялық айла-шарғылар арқылы адамды қылмысқа итеру.



өткізу тәжірибесі жүзеге асырылуда. Бұл адамдардың сот процесінің іс жүзінде қалай өтетінін көру үшін ұйымдастырылады. Сондай-ақ, олар жаза мөлшерін, бап санкцияларын және қандай жауапкершілік көзделгенін білу үшін өткізіледі. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, яғни, профилактика мақсатында жүргізілуде, – деді ол.

Дропперлік – дербес қылмыс

Бұған дейін дропперлік «Мен тек қартамы бердім, ақшаны ұрлаған мен емес, заңсыз ештеңе істеген жоқпын» деген уәжбен қылмыстық жауапкершіліктен сытылып кетіп жүрсе, қазір заңнамалық вакуум толық жойылды. Технология дамыған сайын

Сот үкімі

Қазыбек би аудандық сотының судьясы Ақмарал Жаманғараева қылмыстық істің мән-жайын, тараптар келтірген дәлелдерді жан-жақты зерделеп, екіжақты процессуалдық келісімді қарастыра келе, айыпталушыны кінәлі деп танып, үкім шығарды. Сотталушы бұрын сотталмағаны және кінәсін толық мойындап, өкініш білдіргені үшін оған заң шеңберіндегі жаза қолданылды. Алайда, бұл жазаның өзі – адам өмірін толық пробациялық бақылауға алатын қатал шектеулер жиынтығы.

Сот үкіміне сәйкес, айыпталушыға 1 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды. Осы мерзім ішінде ол пробациялық бақылауда болады. Сондай-ақ, тұрақты жұмысының жоқтығына байланысты ол жыл сайын 100 сағат мәжбүрлі еңбекке жегіліп, Қылмыстық-процестік кодексінің талаптарына сай жәбірленушілердің өтеу қорына 58 980 теңге көлемінде мәжбүрлі төлем төлеуге міндеттелді.

Пробациялық бақылаудың ережелері өте қатал сипатқа ие. Енді сотталған азаматқа кешкі сағат 22:00-ден таңғы 06:00-ге дейін жұмыс пен оқудан тыс уақытта үйден шығуға мүлдем тыйым салынады. Оның спирттік ішімдіктер сатылатын түнгі клубтар, барлар, мейрамханалар мен көңіл көтеру орындарына баруға құқығы жоқ. Сонымен қатар, пробация қызметінің рұқсатынсыз тұрғылықты мекенжайын ауыстыруға және аймақтан шығып кетуіне шектеу қойылды.

Судья өз сөзінде Қылмыстық кодекстің 44-бабына сәйкес, егер сотталған азамат осы міндеттемелерді бұзып, бақылаудан қасқана жалтарса, бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімі бірден түрмеге жабылу жазасына (бас бостандығынан айыруға) ауыстырылатынын қатаң ескертті.

Құрыққа түсірген құқықтық нигилизм

Бұл процестің колледж қабырғасында өтуінің философиялық әрі құқықтық мәні терең. Жастар арасындағы құқықтық нигилизмді, яғни, заңдарды

елемеу немесе оған немқұрайлы қарау үрдісін тек осындай көрнекі шаралар мен шынайы өмірдің ашы сабақтары арқылы ғана жоюға болады. Құқықтық сауаттылықты көтерудің басты мәні – жастарды жазалау емес, оларды қылмыстық ортаның айла-шарғыларынан қорғау, саналы құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

Киберқылмыскерлердің басты нысаны – заңдық әрі қаржылық сауаты әлі толық қалыптасып үлгермеген жастар. Халықаралық сарапшылар бұл тәсілді «әлеуметтік инженерия» деп атайды, яғни, сенімге кіру және психологиялық айла-шарғылар арқылы адамды қылмысқа итеру. Сот процесін тамашалаған студенттер үшін бұл шара құрғақ лекциялардан жүз есе артық әсер етті.

Соттан кейін өз әсерімен бөліскен ІУ курс студенті Дәуір Дәулетжанов достарының арасында «қартаңды бере тұршы, ақша берем» дейтін күмәнді ұсыныстардың жиі кездесетінін жасырмады.

– Біз бұған дейін мұны жай ғана таныстарға көмек немесе зиянсыз жеңіл табыс деп ойлап келдік. Ашық сот біздің көзімізді нақты ашты. Дәл қазір бір азаматтың қалай сотты болғанын көргеннен кейін, бейтаныс адамдар түгел, ең жақын таныстарға да өзінің жеке шоты мен қартаңды беруге болмайтынын, оның арты үлкен қылмыстық жауапкершілікке әкелетінін ұғындық, – деді ол.

Тәртіпсіз ел болмайды

«Заң мен тәртіп» – бұл жай ғана ұран емес, бұл – әрбір азаматтың қауіпсіздігін қорғайтын құқықтық қалқан. Бүгінгі цифрлық әлемде өз қартаңды өзгеге бере салу – қылмыстық әлемнің есігін өз қолыңмен ашып, алаяқтарға серіктес болумен тең. Айыпталушының еркіндігі қалай шектелгенін, өміріне қалай дақ түскенін көрген жүздеген студент үйіне мүлдем басқа, кемел құқықтық санамен қайтты. Саналы жастар бар жерде ешқандай алаяқ тор құра алмайды.

Аяулым ЖАНАТОВА

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

• ШАБЫТ ШАҢЫРАҒЫ

Қасиетті қарашаңырақ

Дарынды жастар шоғырланған Қарағанды өңірінде кәсіби өнер ұжымының ашылуы заңды құбылыс еді. 1938 жылдың 6 наурызында филармонияның іргетасы қаланады. Осы жылдардан бастап, ұжым көпшіліктің талғамын қалыптастырып, қазақ музыка мәдениетінің дамып, өркендеуіне өлшеусіз зор үлес қосып келеді. Алғашқыда бұл өнер шаңырағында (кейін мерейлі атақтарға ие болған) Қазақ КСР-ның Халық әртістері Жүсіпбек Елебеков, Қали Байжанов, Зәбира Жұбатова, Қосымжан Бабақов, Мағауия Хамзин, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген әртістері Қуан Лекеров, Мағауия Қошқимбаев, Алтын Әліева, Қайыңкел Әлімбаева, Нағима Әсербаева, Жабай Тоғандықов қызмет етті. Және тағы да көптеген есімі белгілі өнерпаздар филармонияның өркендеуі жолында талмай еңбек еткен-ді.

Филармонияға 1990 жылы – ұжымның іргетасын қалаушылардың бірі әрі бірегейі, Халық әртісі Қали Байжановтың есімі берілсе, ал, 1999 жылы концерттік бірлестік атын алады.

Бүгінгі күні Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік құрамында Қазақстанның беделді ұжымдарының қатарына енетін 2 академиялық оркестр, 1 джаз оркестрі, 1 фольклорлық ансамбль, 1 хореографиялық ансамбль, 3 эстрада ансамблі, 1 халық әнін орындаушылар ансамблі бар.

1983 жылы құрылған Е.Рахмадиев атындағы академиялық симфония оркестрінің алғашқы көркемдік жетекшісі және тәлімгері ҚР Халық әртісі, профессор Төлепберген Әбдірашев болды. Өнер ұжымының қалыптасуы мен дамуына дирижерлер Н.Клинов, В.Норейц, С.Ферулев, Қ.Ахметов зор еңбек сіңірді. Оркестрдің бас дирижері – Айдар Торыбаев, дирижері – халықаралық конкурстардың лауреаты, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Әбілқайыр Сағымбаев. Өнер ұжымы Қазақстан қалаларында және Ресей, Франция, Испания, Германия, Түркия, Қытай мемлекеттерінде гастрольдік сапарларда болды.

Ал, Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі 1988 жылы құрылады, оның алғашқы құрамы – Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының түлектері. Оркестрді басқарған алғашқы дирижері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дүйсен Үкібай болатын. 1990 жылы оркестрге ұлы күйші, халық композиторы Тәттімбеттің аты берілді. 1992 жылы оркестрге жетекшілік етуге КСРО Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Шамгон Қажығалиев шақырылды. Қазір өнер ұжымының Тәттімбеттің атымен атағы Академиялық оркестр деген мәртебелі атағы бар. Ұжым әр жылдары гастрольдік сапармен АҚШ-та, Франция мен Швейцарияда, Швеция, Чехияда, Иран, Ирак, Түркия, Ресей мен Оңтүстік Корея, Өзбекстан, Түркіменстан елдерінде болды.

Бүгінгі күні оркестрдің көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әбдугалисын Шоқанбаев, бас дирижер – «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Ерлан Бақтыгерей, дирижері – халықаралық конкурстардың лауреаты, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Әбілқайыр Сағымбаев.

Джаз оркестрінің іргетасы 1994 жылы қаланды. Оркестрдің алғашқы күнінен бері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Игорь Андрейченко бас дирижері және көркемдік жетекшісі міндетін атқарып келеді. Джаз оркестрі әр жылдары гастрольдік сапармен Түркия, Ресей, Қырғызстан, Сербия елдерінің көрермендері алдында өнер көрсетті.

«Аққу» фольклорлық-хореографиялық ансамблі 1993 жылы ұлттық би өнерін насихаттау мақсатында құрылған болатын. Республикалық эстрада өнері студиясының түлегі Қорлан Мұқатов атамның көркемдік жетекшісі болып көп жыл еңбек етті. Ұжым халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты. Қазіргі кезде ансамбльге «ҚР Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Назғұл Авиляхан жетекшілік етеді. «Аққу» әр жылдары Вьетнам, Белоруссия, Ресей, Голландия, Франция, Швейцария, Швеция, Германия, Оңтүстік Корея, Қытай, Малайзия, Ирак, Түркия елдерінде гастрольдік сапармен табысты өнер көрсеткен.

«Арқа сазы» фольклорлық ансамблі 2004 жылдан сахна төрінде. Репертуарында халық әндері мен күйлері, жергілікті композиторлардың шығармалары бар. Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты. Францияда, Швейцарияда өтетін дәстүрлі халықаралық фольклор ансамбльдері фестивалінің тұрақты қатысушысы. Гастрольдік сапармен көптеген шетелде өнер көрсеткен. Көркемдік жетекшісі – мәдениет қайраткері Байқара Сәдуақасов.

«Әуен», «Мерей», «Арай» шағын ансамбльдері эстрадалық бағытта жұмыс істейді. Құрамында халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары,



Қазір өнер ұжымының Тәттімбеттің атымен қатар Академиялық оркестр деген мәртебелі атағы бар. Ұжым әр жылдары гастрольдік сапармен АҚШ-та, Франция мен Швейцарияда, Швеция, Чехияда, Иран, Ирак, Түркия, Ресей мен Оңтүстік Корея, Өзбекстан, Түркіменстан елдерінде болды.

дәстүрлі және эстрада ән орындаушылары, аспапта жеке орындаушылар еңбек етеді. 1995 жылы құрылған «Әуен» ансамблінің қазіргі көркемдік жетекшісі – «Мәдениет саласының үздігі» Камшат Насырова, музыкалық лекторий негізінде ашылған «Мерей» ансамблінің көркемдік жетекшісі – Серік Асанбаев болса, ал, 2012 жылы құрылған «Арай» ансамблінің қазіргі көркемдік жетекшісі – Санжар Ашкенов.

2025 жылы дәстүрлі ән орындаушылар шоғырланған «Назқоңыр» халық әнін орындаушылар ансамблі жинақталды. Құрамында Арқа дәстүрлі ән мектебінің өкілдері, танымал орындаушылар еңбек етеді. Жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов.

Бүгінгі таңда Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестікте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері – Әбдугалисын

Шоқанбаев, Александр Севостьянов, Талғат Ыдырысов, Жақсыгелді Кемалов, Полатхан Ташимов, Татьяна Передеро, Сержан Мұсайын, Әсет Абилядин, «Мәдениет қайраткерлері» – Ержан Құспанов, Балғабек Смағұлов, Меруерт Ибраева, Жангетта Алдыханова, Алексей Филиппов, Ирина Воробьева, Меруеш Башай, «Мәдениет саласының үздіктері» – Ғазиз Ажбағамбетов, Ержігіт Оспанханов, Сахибеден Құлғалиев, Әлия Құлғалиева, Наталья Киндсфатер, Сапарғали Боранбаев, Ләззат Сәрсенбекова, Аманкелді Үсенов, Алтын Мұсайын, Қанат Бақыраев, Ержан Базарбеков, Гүлмира Жақубаева, Мейрамгүл Кәріпжанова, Гүлбану Серікова, Нелли Резанова, Қайрат Омаров, Медет Осатаев еңбек етеді. Сондай-ақ, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары – Дулат Аханов, Әсел Қарабаева, Гүлмира Тапай, Нұрбол Темірғалиев,

Арайлым Жүкенова, Рысты Рахымжан және басқа да көптеген өнерпаздың есімі ел ішіне жақсы таныс.

Концерттік бірлестіктің музыканттары мен әншілері шетелде, сонымен қоса республикалық, облыстық концерттерде, қалалық іс-шараларда үнемі өнер көрсетіп, әр бағыттағы шығармаларды орындап келеді. Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігі – Қазақстандағы ең ірі, кәсіби өнер шаңырағы. Еліміздің абыройын шетелдің атақты сахналарында асқақтатып, қазақ ән-күй өнерін дүние жүзіне таныстырып жүр. Оркестрлер мен ансамбльдердің репертуары мол, жан-жақты. Классикалық шығармалар, ұлттық өнеріміздің жауһарлары әрдайым толысып, жанарып отырады. Еліміздің, шетелдің атақты дирижерлері, композиторларымен тығыз шығармашылық қарым-қатынас жасап, шығармашылық байланыс үзілген емес. Алдағы уақытта концерттік бірлестік көрерменге жана жоспарлар, тың шығармалар ұсыну үшін қызу еңбек үстінде.

Марал НҮРТӨЛЕУОВА,
Қ.Байжанов атындағы
концерттік бірлестіктің редакторы
Сурет филармонияның
баспасөз қызметінен

• ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ

Өжет қыздың өнері

Ерсін МҮСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мейрамгүл!
Мейрамның гүлі, мерекенің нұры...

Адам баласының азан шақырып қойған есімі тағдырына әсер етеді дегенге сенбейтін едім. Шынымен, солай екен.

Менің бүгінгі кейіпкерім, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің конференциясы Мейрамгүл Кәріпжанова 9 мамыр мерекесі қарсаңында өмірге келіпті. Есімін атасының бауыры, соғыс ардагері Кәрімхан ақсақал: «Ұлы Жеңістің жаңғырығындай жарқылап тұрып келсін! Есімі Мейрамгүл болсын», – деп, ырымдап қойған екен. Сол Мейрамгүл жиырма жылға уақыттан бері базары тарқамаған Арқа жұртының алқалы жиынында тізгін ұстап, мейрамның гүлі болып келеді. Ал, бойындағы өжеттігі ардагер ата ырымының қырын кетпегенін аңғартады.

...Мейрамгүлдің өнерге өгей болуға нақсысы жоқ. Туған жері – Ақсораны ән болып асқақтап, Тоқырауыны әуен болып тербелген ән бесігі Ақтоғай, өскен жері – Мәйдің асқақ үні қалықтаған қасиетті Қарқаралы. Ол аз десеңіз, нағашы жұрты – «Аспанның аясында ән шалқытқан» дүлдүл Әсет Найманбаевтың елі.

Үлкен Абайдан қалған «Өнерпаз болсаң, арқалан» деген тәмсілде батпаңдай ауыр жүк, асқан жауапкершілік жатыр. Сол бір рухани жауапкершілікті Мейрамгүлдің жүдырықтай ғана жұмыр жүрегі бала кезінде-ақ сезінген. Туған нағашысы Қайрат Қапмасов аспап атауының бәрін кәсіби деңгейде меңгерген бесапап өнерпаз еді. Сол Қайрекен қолына сырнайын алса, өзінің колготкин басына киіп алып, екі балағын бұрым ретінде желкілетіп ән айта жөнелетін бала Мейрамгүлдің бал қылығына барлығы сүйсініп, үлкендер батасын беріп



жатағын. Дуалы ауыздан шыққан бата қабыл болып, сол Мейрамгүл сахнаның сандуғашына айналды.

Ол заманның теледидарында екі-ақ арна болатын еді ғой. Бірі – одақтың, екіншісі – Қазақстанның арнасы. Сол екі арнадан көрсетілетін концерттердің ешқайсысын мүлт жібермей көретін Мейрамгүлдің «Әнші боламын!» деген ақ қанатты арманы сол кезде оянды. Өуезді үні, әдемі даусы бардың барлығы әнші болып, киелі сахнада жүрген жок. Бұраланы көп өнер жолында мақсатына жету үшін нәзік бола тұрып, өжет болуың керек. Жарлы болсаң да, арлы болу – шарт. Жұлдыз болуың мүмкін,

қарапайым бола алмасаң, өнерге өгейсің. Талабың таудай болса да, табанды болмасаң, еңбегің – зая. Яғни, өмір мен өнердің талабын тең ұстамаған, ауыздықпен алысқан асау тұлпардай аласұрған тағдырның арнасы. Сол екі арнадан көрсетілетін концерттердің ешқайсысын мүлт жібермей көретін Мейрамгүлдің «Әнші боламын!» деген ақ қанатты арманы сол кезде оянды. Өуезді үні, әдемі даусы бардың барлығы әнші болып, киелі сахнада жүрген жок. Бұраланы көп өнер жолында мақсатына жету үшін нәзік бола тұрып, өжет болуың керек. Ал, үйдігісінен түзгелі көп өнер жолы бұл мақсатқа сүріндірмей жеткізе ме? Оның үстіне, сол

дәуірдің адамдарында «Өртістің бәрінде ар болмайды. Олар үшін жеке өмір түк емес» деген қалыптасып қалған. Өлгінде айтып өткен өмір талабының өрнегіне айналған ізгі қасиеттердің барлығы оқумен келіп, қолмен жасалатын дүние емес. Өжеттік те, арлылық та, қарапайымдылық та, парасаттылық та – адам бойына қанмен, тәрбиенен келетін құндылықтар. Өуезде тығырыққа тірелген Мейрамгүлді бойына атаның күшімен, аяның сүтімен, отбасындағы тәрбиенен сіңген осы құндылықтар құтқарып қалды. Тәуекел етіп, өнер жолын тандады.

Пенделілігінен имандылығы басым тұрды. Нәзіктігі мен өжеттігі, талабы мен табандылығын құс қанатындай қатар сермеп, қандай жағдайда да бағына емес, арына жүгінді. Өнерге іңкәр жүрек арманына айындағы аққудай әсем қалқып, жақындай түсті.

Ажарлы ару Мейрамгүлді Арқа жұрты келісті келбет, сырлы сымбатанан емес, сандуғаштай сайраған үнінен танитын болды. Иә, біраз жылдан бері ән айтпай жүр. Оңашада, шағын ортада, ағайын-туыс, дос-жаранның той-қызығында сағындырған сандуғаш үнімен бір шырқағаны болмаса... Киелі сахнаға тек жүргізуші ретінде шыққанының өзі Мейрамгүлдің бұлбұл үнін сағынған көптің қанағатына қазық болып жүр.

Мейрамгүл дайын сценарийді сыдыртып оқып шығатын жүргізуші емес. Ол – амандасуының өзiмен-ақ көрерменді баурап алатын кәсіби маман.

– Мен әрбір салтанатты шараны жүргізуге ұйықтамай дайындаламын. Тақырыпқа сай кітаптар ақтарып, дайын сценарийді ару тіккен кестедей әсемдеп, әрлеуге ұмтыламын. Құнарлы сөз құлақтан гөрі жүрекке сіңімді болады ғой. Әрбір жүргізген концертім немесе салтанатты шарам бұл көңілінен шығып жатса, ол – менің талғампаздығым-

нан болар деп ойлаймын, – дейді өзі.

Шынымен де, Мейрамгүлдің әуезді үні мен жоғары мәнері келесі орындар әннің ырғағымен үндес шығып жататынына талай рет көз жеткіздік. Әннің табиғатын таныған талғам, әншінің талантын бағалаған жүргізуші ғана кешті солай тізгіндесе керек.

...Мейрамгүл – Алматыдағы Күлшай Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың түлегі. Алтынбек Қоразбаева 5-сынып оқып жүргенде бірнеше рет хат жазып, хатына жауап келмей, күлдерін үзе бастаған шақта Алтынбек ағасы Қарағанды гастрольдік сапармен келеді. Ол кезде Алтынбектің шәкірті, қазіргі қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Мейрамбек Беспаев «Бозторғай» әнімен танымал болып, ән айтуға икемі бар бүкіл қазақ баласы «Бозторғайды» шырқап жүрген. Мейрамгүл де айтады. Алтынбек Қоразбаевтың Қарағандыдағы концертіне өзі бара алмаса да, қалада тұратын нағашы әпкесі арқылы тағы да хат жолдайды. Содан кейін көп күттірген жауап та келді.

«Мейрамгүл, сәлеметсің бе?

Сенің бірнеше хатыңды алдым. Жауап жазуға уақыт болмады. Ол үшін кешірім сұраймын!»

Менің әндерімді орындайды екенсің. Қазақстанның түпкір-түпкірінде менің әндерімді орындайтын барлық талапты жас – менің шәкірттерім. Сен де – менің шәкіртімің! Өзің де, өнерің де менің назарымда болады. Сегін салса, кездесерміз. Өзім тауып аламын.

Сәлеммен Алтынбек аған», – деген хат келген сәттегі Мейрамгүлдің қуанышында шек болмайды. Көктем бесінші кітап түскендей қуанған бала Мейрамгүлдің бар аңсары Алматыға ауады. Ол арманы да алдаған жоқ. Бір күні Қарағайлы кентіне Алтынбек ағасы шәкірттерімен келе қалып, Мейрамгүлдің көктем тіле-

генін жерден берді. Қазақ өнерінің бүгінгі абызы Алтынбек ағаның Қарқаралы, Қарағайлыға жасаған бұл сапары шалғайдағы ауыл баласы Мейрамгүлдің маңдайдағы бағын жағып, Арқадан Алатауға жол шығарды. Бір жыл қазақ әнінің ақтанқері Жәнібек Көрменовтің сыныбында оқып, қайран Жәкең қаршадай қыздың ұстазына ғана емес, сырласына айналды. Дәріс кезінде әр әннің тарихына кеңінен тоқталып, адамгершілік, өнер адамның болмысы жайында ұзақ сырласатын еді.

8-сынып бітіріп, қаниқулда жүрген кезінде Жәнібек ұстазы өмірден озды. Сол сәтте Мейрамгүлдің өнер жолындағы сапары тұйықталып, уақыт тоқтап қалғандай болған.

– Жәнібек ағаны сағыну арқылы күнделік жазуды үйрендім. Қаниқулдан келген бетте Жәнібек ағаның үйіне барып, Тұрар аспайға көңіл айттым. Екеуім қосыла егіліп, Жәнібек ағаны жоқтадық. Ұстазымыз қазасы мені бір сәтте есейтіп жіберген еді, – деп мұңайды Мейрамгүл өнердегі ұстазын еске алған сәттерінде.

Иә, жақсы адамдарды, өміріне шуақ сыйлап, жүрегіне мейірім нұрын сепкен жандарды сағына білу – кемел кісіліктің белгісі. Мейрамгүл сағына біледі. Оның жүрегіндегі мейірімді тұңғыш жанарына қонақтай қалған мөлірді мұң арқылы сезінуге болады. Бірақ, ол көп мұңаймайды. Өйткені, ол – өжет қыз. Өжеттік – өнердің қорғаны. Сонда да, Мейрамгүлдің мейірімді жүрегі сағыншытың бөсігіне айналып кеткен. Ол сахнадан түсіп бара жатып, қайтадан сахнаны сағынады. Оның өмірі, оның тағдыры сахнаға бекініп алған.

Сіздер де Мейрамгүлдің ән айтқанын сағынып жүрген боларсыздар... Сабыр етіңіздер, Мейрамгүл оралады.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

Ішкі туризмде іркіліс жоқ



ІШКІ ТУРИЗМ

Биыл «Baqdash Tour Fest – 2026» фестиваліне, туристік маусымға дайындық жүргізіліп, өңірдің туристік әлеуетін арттыруға бағытталған ауқымды инфрақұрылымдық жобалар қолға алынады. Бұл «Baqdash Tour Fest» фестиваліне 50 мыңнан астам адам келген болса, мамандардың болжамына биыл бұл көрсеткіш 70 мың туристке дейін артуы мүмкін. Бұл – Балқаштың ішкі туризм картасындағы маңызын аңғартады.



Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Туристік маусым басталғанға дейін Барковское ауданы, «Baqdash Tour Fest» фестивалі өтетін аумақ, сондай-ақ, Шұбартүбек пен Торанғалық елді мекендеріндегі жағажайлар толық абаттандырылды. Аталған жұмыстарға «Жуалық Демеу» ҚБ, «Самғау 2025» ҚБ және «Социальная поддержка» ҚБ мердігер ұйымдары жауапты. Жоба аясында Торанғалық, Шұбартүбек, Барковское және Рембаза аумақтарына заманауи талаптарға сай көлеңкелі шатырлар, ашық душтар, киім ауыстыру кабиналары, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бейімделген модульдік дәретханалар орнатылады. Сонымен қатар, LED-жарықпен безендірілген «Шұбартүбек» жазуы, тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған контейнерлер, құтқару мұнаралары мен пластикалық понтондардан жасалған пірстрет қойылады.

— Соңғы жылдары туристер санының күрт өсуіне байланыс-

ты Барковское ауданындағы көлік қозғалысы да айтарлықтай көбейген. Осыған орай автожолды кеңейту, жаяу жүргіншілер және велосипед жолдарын салу, көшелерді жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл өз кезегінде туристердің қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етеді. «Baqdash Tour Fest» фестивалі өтетін аумаққа ерекше назар аударылып отыр. Фестиваль алаңында автотұрақтар кеңейтіліп, периметрлік жарықтандыру орнатылады. Сонымен қатар, қоршаулар салынып, тұрақты сахна жасакталып, шағын сәулеттік нысандар мен қосымша санитарлық орындар болады. Биылғы фестиваль бұрынғыдан да ауқымды әрі мазмұнды өтпек, — дейді Балқаш қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ерслан Зияда.

Қауіпсіздік мәселесі де назарда. Қазіргі таңда Балқаштың курорттық аймақтарында 45 бейнебақылау камерасы орнатылған. Бұдан бөлек, облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес Торанғалық, Шұбартү-

бек және Барковское аумақтарына бірыңғай дизайн-код бекітілген. Бұл курорттық аймақтардың сәулеттік келбетін біріздендіріп, туристер үшін тартымды әрі заманауи орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Туристердің жайлы демалысын қамтамасыз етуде байланыс сапасын жақсартуға да басымдық берілуде. Жеке инвесторлар қаржысы есебінен Торанғалық, Шұбартүбек және Ақшағыл аумақтарында антенналық-матгалық құрылымдар салынып, мобильді интернет пен байланыс сапасы күшейтілмек. Қажетті жер телімдері толық бөлініп, құрылыс бастау алуда.

Жазғы кезеңде туристер үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында масаларға қарсы дезинсекциялық жұмыстар да қолға алынған. Мердігер ретінде «Батыс Қазақстан облыстық бірлестігі» жеке медициналық мекемесі анықталып, жұмыстар 15 сәуірден басталған. Ақпараттық қызмет көрсету де жоба деңгейде. Былтыр Балқашта облыстық алғашқы визит-орталық ашылса, биыл қала кіреберісінде


тағы бір визит-орталық пайдалануға берілмек.

Мамандармен қамтамасыз ету бағытында да жүйелі жұмыстар бар. Қала колледждерінің студенттерін кездесулер ұйымдастырылып, нәтижесінде медициналық колледждің 32 студенті жазғы маусымда қызмет көрсету саласында еңбек етуге шет білдірген. Қазіргі уақытта арнайы құрылған екі мониторингтік топ туристік нысандар мен жол бойындағы сервистік орындарға тұрақты тексеру жасайды. Жалпы алғанда, жүзеге асырылып жатқан кешенді жұмыстар Балқаш өңірінде қауіпсіз, қолайлы әрі заманауи туристік ортаны қалыптастыруға бағытталған. Көл жағасындағы көркем мекеннің туристік әлеуеті жыл сайын артып, Балқаштың беделі жаңа деңгейге көтерілуде. Биыл 70 мың турист келеді деген болжамның өзі — өңір туризмінің болашағына деген сенімнің жарқын көрінісі.

Айта кетейік, биылғы «Baqdash Tour Fest» бағдарламасында танымал әншілер мен эстрада жұлдыздарының қатысуымен гала-концерттер, көпшілікке белгілі шоу-бағдарлама жүргізушілерінің қатысуымен түрлі ойын-сауық кештері ұйымдастырылмақ. Жастар үшін көл жағалауында спорттық іс-шаралар, кішкентай қонақтарға қызықты ойын-сауық бағдарламалары әзірленіп, шығармашылық және дамытушы алаңдар жұмыс істемек. Фестиваль барысында балалар танымал мультфильм кейіпкерлерімен кездесіп, ашық аспан астындағы белсенді ойындарға қатыса алады.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Сәкен Қадыркенұлы МАЛЫБАЕВ



«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ еңбек сіңірген қызметкері, техника ғылымдарының докторы, профессор, ардагер Сәкен Қадыркенұлы Мәлімбаев 85 жасқа қараған шағында 2026 жылғы 17 мамыр күні дүниеден өтті.

Сәкен Қадыркенұлы 1964 жылы «Тау-кен машиналары мен кешендері» мамандығына түсіп, 1969 жылы оны үздік бітіріп, қарағандылық «политехпен» өзінің тағдырын берік байланыстырды. Бұл мамандықты таңдауы кездейсоқ емес еді: ол Балқаш тау-кен металлургия техникумында оқыды, Балқаш тау-кен металлургия комбинатының «Гүлшат» кенішінің шахталарында еңбек етті. Оқу барысында өзін белсенді және сауатты студент ретінде көрсете білді, Лениндік стипендия, КарПТИ комсомол комитетінің хатшысы, Қарағанды қалалық комсомол комитетінің біро мүшесі, Қазақстан Комсомолы ОК пленум мүшесі болды.

Әр жылдары Сәкен Қадыркенұлы институттың қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, институт парткомы хатшысының орынбасары, Сырттай оқыту факультетінің деканы, кешкі-сырттай оқыту жөніндегі проректор, оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор, университеттің бітіруші кафедралары арасында конкурстарда бірнеше рет жүлделі орындарға ие болған және республикалық деңгейде жоғары рейтингке қол жеткізген өнеркәсіптік көлік кафедрасының меңгерушісі болып қызметтер атқарды.

1975 жылы техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі үшін диссертация қорғап, 1976 жылы доцент ғылыми дәрежесін алды. 2001 жылы көп жылдық зерттеулер нәтижелері бойынша С.К.Мәлімбаевқа Қазақстан Республикасының ЖАҚ шешімімен техника ғылымдарының докторы ғылыми атағы берілді. Ол 250-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстар жариялады, оның ішінде, 9 монография, 8 авторлық куәлік пен патент, сондай-ақ, 7 зияткерлік меншік куәлігі бар. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі 6 оқулықтың, 23 оқу құралының және 86 оқу-әдістемелік құралдардың, электрондық оқыту құралдарының авторы. Өздігінен жүретін көлік құралдарының конструкциясын есептеу әдістерін жетілдіру саласындағы жұмыстар циклі үшін 2008 жылы жаратылыстану ғылымдары бойынша үздік ғылыми зерттеулері үшін академик Қ.И.Сәтбаев атындағы Бірінші сыйлыққа ие болды. Оның ғылыми жетекшілігімен 5 докторлық, 10-нан астам кандидаттық және магистрлік диссертациялар дайындалып, қорғалды.

С.К.Мәлімбаевтың Қазақстанның жоғары білімі мен ғылымын дамытуға қосқан үлесі КСРО және ҚазКСР Жоғары оқу орнының Алғыс хаттарымен және грамоталарымен, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен аталып өтті, «ҚР Білім беру ісінің үздігі», «ҚР ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» құрмет белгілерімен марапатталды. «ЖОО үздік оқытушысы – 2010» атағының иегері атанды.

Сәкен Қадыркенұлы Мәлімбаев өз әріптестерінің, шәкірттерінің, түлектерінің, достарының жадында дарынды басшы, ғалым, педагог, өз ісінің нағыз кәсіпқой маманы ретінде ерқашан сақталады.

Қазақстан Республикасының жоғары білімі мен ғылымының дамуына зор үлес қосқан және бүкіл ел мақтан тұтатын жоғары білікті инженерлердің, өнеркәсіп кәсіпорындары басшыларының, ғалымдардың тұтас бір шоғырын тәрбиелеген осы бір тамаша адамның жарқын бейнесі жүректерде ешқашан өшпейді.

Орны толмас ауыр қазаға байланысты марқұмның туыстары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтамыз.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқармасы мен ұжымы

№101

ОЛИМПИАДА

Теміртаулық студенттер топ жарды

Теміртауда металлургия мамандығында білім алып жүрген студенттер арасында халықаралық олимпиада өтті. Білім мен тәжірибені ұштастырған байқауға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей елдерінен келген 16 команда қатысты.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Сайыс Теміртау жоғары политехникалық колледжі мен Қарағанды индустриялық университеті базасында ұйымдастырылды. Олимпиаданың басты ерекшелігі — оның тәжірибелік форматта өтуі. Қатысушылар теориялық білім-

дерін ғана емес, нақты өндірістік үдерістерге барынша жақын тапсырмалар арқылы кәсіби шеберліктерін де көрсетті.

Студенттер болат балқытып, оны құю, виброелек жұмысына талдау жасау, материалдардың фракциялық құрамын анықтау және минералдарды жасанды интеллект көмегімен зерттеу бойынша тапсы-

рмалар орындады. Олимпиада екі кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде қатысушылар балқыту пешінің 3D-атласымен және металлургиялық кәсіпорынның жұмысын модельдейтін арнайы тренажерлік бағдарламалармен жұмыс істеді. Екінші кезеңде әр командаға үш бағыттың бірі бойынша практикалық тапсырмалар берілді.

Нәтижесінде колледж командасы Магнитогорск мемлекеттік техникалық университеті жанындағы көпсалалы колледж студенттерімен бірге бірінші орынды

иеленді. Екінші орын Қарағанды индустриялық университеті мен «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы политехникалық колледж командаларына бұйырды. Үшінші орынды Ташкент мемлекеттік техникалық университеті мен Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті өкілдері иеленді. Олимпиаданың бас жүлдесі — цифрлық металлургия саласындағы практикалық дағдыларды жетілдіруге арналған VR-тренажер. Оны жарыстың бас демеушісі SIKE компаниясы табыстады.

Жаңалық әрқашан жаныңызда! <https://ortalyq.kz/>

«Сарыарқа» ӘКК» АҚ ауданы – 0,475 га жер учаскесінде Қарағанды қаласында денсаулық сақтау, білім беру, спорт және демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы инвестициялық жобаны бірлесіп іске асыру үшін серіктес таңдау бойынша конкурс жариялайды.

Конкурсты өткізу күні 2026 жылғы 11 маусым жергілікті уақытпен сағат 15:00-де: Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 4, 113 кабинет. Конкурстық өтінімдерді қабылдау: 2026 жылғы 21 мамырдан 10 маусымға дейін.

Инвестициялық жоба және конкурс шарттары бойынша ақпарат сайтта орналастырылған spr-saryarka.kz.

№103

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Приозерск қаласының ауруханасы» КМК директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды ҚОДСБ ШЖЖ «Приозерск қаласының ауруханасы» КМК, мекенжайы: Приозерск қаласы, Транспортная көшесі, 19, пошта индексі: 101100, телефоны: 8 (71039) 5-22-18, 8-7474353333, e-mail: gulfnura_temirbekova@mail.ru.

Конкурстың барлық қатысушыларына қойылатын жалпы біліктілік талаптары: «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім, «денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша сертификаттық курстан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе MBA executive немесе fulltime дәрежесі, Денсаулық сақтау, Денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері; Денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; ұйымның қызметін басқарудың экономикалық әдістері мен талдау; ме-

дициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы; денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік практикалар; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын Статистика, өлшемдер мен көрсеткіштер; отандық медицинаның қазіргі заманғы ғылыми жетістіктері, денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды; Төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

Лауазымдық міндеттері: Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылдарын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидалары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызмет-

керлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін қамтамасыз етеді. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды. Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитарлық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын желдел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады. Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және заңды тұлғалармен келісім-шарттар жасайды, мәмілелер жасайды. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады. Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта мүдделерін білдіреді.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №ҚРДДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе республикалық атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш.
2. Еркін нысанда жазылған өмірбаян.
3. Білімі туралы құжаттардың көшірмелері.
4. Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардың көшірмелері не жұмыс өтілін растайтын басқа да құжат.
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» №075/е нысаны.
6. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сотталығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа келесі адамдар қатыса алмайды:

- 1) он сегіз жасқан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталығы бар адам;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Қарағанды облысы ҚОДСБ ШЖЖ «Приозерск қаласының ауруханасы» КМК -на мына мекенжай бойынша ұсынылуы тиіс: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Транспортная көшесі, 19, пошта индексі: 101100, телефоны: 8 (71039) 5-22-18, 8-7474353333, e-mail: gulfnura_temirbekova@mail.ru., № 310 кабинет. Бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.

к

• ФОРУМ

Өмір секілді өнер де мәңгілік

Қарағандыда ЮНЕСКО-ның 80 жылдығы мен Қазақстан Ұлттық ЮНЕСКО клубтары федерациясының Қарағанды облысындағы Өңірлік өкілдігінің 10 жылдығына орай Әзербайжан, Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстаннан келген делегаттардың қатысуымен «Бейбітшілік пен өнер жолындағы серіктестік» атты халықаралық форум өтті.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Үш күнге созылған форум Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды. Форумға ЮНЕСКО клубтарының жетекшілері мен өкілдері, білім және мәдениет мекемелерінің мамандары, халықаралық ұйымдар, мемлекеттік құрылымдар және сарапшылар қауымдастығының мүшелері қатысты.

Біз Өзбекстан Республикасы Самарқанд облысындағы «Кевал-жек» орталығының атынан келдік. Бүгін осы алаңда түрлі елдердің өкілдеріне Өзбекстандағы қосымша білім беру жүйесінің құрылымы мен осы салада жүзеге асып жатқан реформаларды таныстыруды мақсат еттік. Бұл форумның маңызы зор. Себебі, мұнда біз басқа мемлекеттерде қосымша

білім беру қалай ұйымдастырылатынын, оның қандай талаптар мен өлшемдерге негізделетінін, артықшылықтары мен ерекшеліктерін біле аламыз, – деді Өзбекстан Республикасының өкілі Ферузе Назарова.

Форумның негізгі мақсаты – халықаралық ынтымақтастықты дамыту, ЮНЕСКО клубтары арасындағы серіктестікті нығайту, бейбітшілік пен мәдениетаралық диалогты ілгерілету, сондай-ақ, жастардың шығармашылық әлеуетін қолдау. Осы мақсатта «ЮНЕСКО клубтарының қызметіндегі өзекті бағыттар, жетістіктер мен инновациялар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Қарағанды облысындағы ЮНЕСКО клубтары мен қауымдастықтарының өңірлік өкілдігі – Қазақстандағы алғашқы өңірлік өкілдік. Биыл оның құ-

рылғанына 10 жыл толып отыр. Осы мерейтой аясында шетелдік серіктестердің қатысуымен алғаш рет халықаралық конференция ұйымдастырылды. ЮНЕСКО клубтарының қызметі негізінен балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған. Биылдан бастап, ұйым жұмысына спорт мектептерін де тарту жоспарланып отыр, – деді Қазақстан Ұлттық клубтарының ассоциацияларының федерациясының басшысы Болат Ақшолоқов.

Форум мәдениет, білім беру, жастар ұйымдары, қоғамдық бірлестіктер және халықаралық қауымдастық өкілдерін ортақ мақсатқа тоғыстырған маңызды алаңға айналды. Оның басты мақсаты – өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайту, халықтар арасындағы достықты дамыту, гуманистік құндылықтарды дәріп-

теу және рухани мұраны сақтаудың маңызын арттыру.

Биылғы кездесудің ерекше мәні бар. Себебі, іс-шара ЮНЕСКО-ның 80 жылдығы және Қазақстан Ұлттық ЮНЕСКО клубтары федерациясының Қарағанды облысы бойынша өңірлік өкілдігінің 10 жылдығы аясында ұйымдастырылып отыр. Бұл – Федерацияның Қазақстандағы алғашқы өңірлік өкілдігі, – деді облыстың білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев.

Форум аясында мәдени бағдарламалар да ұйымдастырылды. Кеншілер мәдениет сарайында Әзербайжан, Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстаннан келген жас музыканттардың қатысуымен «Достық пен бірлік әуені» атты мерекелік концерт өтті. Ал, орталық мәдениет және демалыс саябағында «Біз біргеміз» халықаралық балалар шығармашылығы фестивалі көрерменге жол тартты Сондай-ақ, Қазақстандағы ЮНЕСКО клубтарының жетекшілері мен хатшыларына арналған арнайы семинар өткізіліп, үздік білім беру тәжірибелері мен әдістемелік инновациялар таныстырылды.

Қарағандыда өтіп жатқан халықаралық форум бейбітшілік пен достықты нығайтып қана қоймай, мәдениет пен білім саласындағы халықаралық байланысты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Халықаралық форум аясында көтерілген бастамалар Қарағанды облысының мәдениет пен білім саласындағы халықаралық байланыстарын одан әрі нығайтуға жол ашады. Өртүрлі елдерден келген сарапшылар мен педагогтер балалар мен жастардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған озық тәжірибелерімен бөлісіп, бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін талқылады. Мұндай кездесулер мәдениеттер арасындағы өзара түсіністікті арттырып, ортақ құндылықтарды дәріптеуге ықпал етеді.

Суретті түсірген автор

• БОКС

Аяулымның асуы

Ташкентте бокстан 15-17 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында Азия чемпионатына 21 елден 500-ден астам спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Ұлттық құрама жеті алтын, сегіз күміс және тоғыз қола жүлде еншілеп, жалпыкомандалық есепте III орын иеленді. Бұл қатарда ел қоржынына алтын салған жерлесіміз Аяулым Оспанова да бар. Әрі қарағандылық былғары қолғап шебері өз салмағында «Үздік боксшы» номинациясын жеңіп алды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған чемпионатта Қазақстанның ұлдар құрамасы 10 жүлде жеңіп алды. Оның бесеуі – алтын, үшеуі – күміс және екеуі – қола жүлде. Ал, қыздар құрамасы 14 медаль жеңіп алды. Оның екеуі – алтын, бесеуі – күміс, жетеуі – қола жүлде.

Аяулым Оспанова – Шахтинск қаласының тумасы. Жас спортшы бокспен алты-жеті жасынан бастап айналыса бастаған. Бұл бәсекеде 66 келіге дейінгі салмақта қолғап түйістіріп, үш дүркін Азия чемпионы атанды. Ақтық кезеңде қытайлық Ди Цяомен жұлдырықтасып, қарсыласынан айласын асырды.

– Биылғы чемпионат мен ой-

лағандай өтті. Ең басты мақсат – жеңіске жету еді. Сол мақсатыма жетіп, биыл үш дүркін Азия чемпионы атандым. Осы турнирге жеке жаттықтырып, бар білгенім үйреткен әкеме алғысымды білдіремін. Маған қолдау білдірген жанкүйеріме де мың алғыс! – деді чемпион.

Айта кетейік, жалпыкомандалық есепте I орынды Өзбекстан құрамасы иеленді. Алаң иелері 13 алтын, сегіз күміс және алты қола медаль алды. II орын Үндістанға бұйырды. Үнді боксшылары тоғыз алтын, алты күміс және 12 қола медаль еншіледі.

Сурет бокс федерациясынан

• МАРАФОН

Жастардың жігерін жаныған рух

Қарағандыдағы Орталық саябақта «AMANAT» партиясының бастамасымен «Чемпиондық рух» спорттық марафоны өтті. Бұқаралық спортты дамытуға бағытталған марафонға 600-ден астам қала тұрғыны мен жастар қатысып, саламатты өмір салтын насихаттауға үлес қосты. Марафонның ашылу салтанатына «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков қатысып, жиналған қауымды белсенді өмір салтын ұстануға шақырды. Сонымен қатар, спорттың дамуына елеулі үлес қосып жүрген бірқатар бапкер мен спортшыға партия атынан Алғыс хат табыстады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Марафон аясында қатысушылар үшін жаппай жүгіру, сергіту жаттығулары, спорттық интерактивтер мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Сондай-ақ, кәсіби спортшылармен еркін форматтағы кездесулер өтіп, қатысушылар өздерін қызықтырған сауалдарға жауап алды. Ұлттық спорт түрлері де назардан тыс қалмады. Асық ату мен тоғызқұмалақтан арнайы турнирлер өтіп, жеңімпаздар анықталды.

Жастарды бір мақсатқа жұмылдырып, бұқаралық спортты насихаттау – ортақ міндетіміз. Өйткені, спорт – жас буынды әділдікке, тәртіпке, жігер мен жақсылыққа тәрбиелейтін өмір мектебі. Бүгінгі шараға қолдау білдіріп, өңірімізден шыққан чемпиондар арнайы келіп отыр. Олар тек спортпен айналысып қана қоймай, халықаралық аренада ел намысын абыроймен қорғап, көк Туымызды биікте желбіретіп жүр. Осындай чемпион-

дардың қатысуы арқылы жастардың жүрегіне жеңіске деген сенім мен чемпиондық рух ұялатуды көздедіміз. Арамызда талай дарынды жас бар. Ал, біз сол таланттардың талабын ұштап, әрдайым қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді Бекзат Алтынбеков.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының Жол картасын жүзеге асыру аясында облыста 270-тен астам спорт алаңы мен спорт нысаны бой көтерген. 200 жаңа спорт секциясы ашылып, 460 мыңнан астам жас спортпен айналысуға мүмкіндік алды. Іс-шараға арнайы шақыртылған спортшылардың қатарында бәтүт гимнастикасынан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Әлем кубогының иегері Данил Мұсабаев пен планкада тұрудан Қазақстанның рекордсмені Сымбат Бейсембаев арнайы қатысып, жас спортшыларға шеберлік сабағын өткізді.

Адам, ең алдымен, санасындағы күмән мен қорқынышты жеңіп, алға қойған мақсатына нық қадам жасауы керек. Мен жастарға үнемі осыны айтып жүремін. Өмірінді өзгерту үшін ешқашан



кеш емес. Өзім кішкентайымнан бокспен айналыстым. Белгілі бір жетістіктерім де бар. Ал, планкада тұру – менің сүйікті хоббиім. Жастар бос уақытын спорт залында өткізіп, өзін-өзі шыңдауға көңіл бөлсе деймін. Біздің мақсат – өскекең ұрпаққа жігер беріп, рухын көтеру, – деді Сымбат Бейсембаев.

Тоғызқұмалақ сайысына қатысушылардың қатарында Теміртаудағы №23 жалпы білім беретін мектептің оқушысы

Әли Орынбай да болды. Өзі ұлттық спорт түрімен төрт жылдан бері тұрақты айналысып келеді екен. Марафон аясындағы жарыста ол алғашқылардың бірі болып өнер көрсетіп, алғашқы қарсыласын да сенімді жеңді.

Бұған дейін бірнеше қалалық турнирге қатысып, екі мәрте қала чемпионы атандым. Алғаш рет үйірге келген кезде тоғызқұмалақтың ережелерін мүлде білмейтінмін. Кейін жаттықтырушыла-

рым осы спорттың қыр-сырын үйретіп, түрлі чемпионаттарға қатыстыра бастады. Содан бері тоғызқұмалаққа деген қызығушылығым арта түсті. Бүгінгі марафонда алғашқы қарсыласымды екі жүріспен жеңдім, – деді Әли Орынбай.

Ал №53 мектеп-лицейінің 8-сынып оқушысы Әлихан Нұрабай алғашқы кезеңде өз қатарласымен емес, қала тұрғындарының бірімен бақ сынасты. Соған қарамастан жас спортшы қарсыласын екі ойында да айқын басымдықпен жеңіп, келесі кезеңге жолдама алған. Қазіргі таңда өзі – Ұлттық және ат спорты түрлерінен «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушісі.

Алғашқы қарсыласым өзімнен жасты болмаса да, қобалжымадым. Бар білгенімді көрсетіп, бірінші айналымда – 6:2, екінші айналымда – 3:2 есебімен жеңіске жеттім. Бұған дейін мектепаралық және қалалық турнирлерге қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Негізі, осыдан бір жыл бұрын мектебimde ашылған асық ату үйірмесіне қатыса бастадым. Кейін ұлттық спортқа деген қызығушылығым артып, «Қайрат» спорт мектебіне келдім. Қазір сонда жаттығып, алдағы ірі жарыстарға дайындалып жүрмін, – деді Әлихан Нұрабай.

Марафон қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге медаль мен естелік сыйлық табысталды.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqsha Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 081

№53 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР